

398.2(=512,122)

224

АРХИВТІК ҚОР

АРХИВТІК ҚОР



АРХИВТІК ҚОР

ӘЖЕЛМАН ЕРТЕГІЛЕРІ



аруна
б а с п а с ы

308.2 = 5'0. '00,

Ә 24

12

АРХИВТІК
ҚОР

ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІЛЕРІ



«Аруна» баспасы

ББК 82.3 (5 каз)

Ә 27

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Ә 27 **Әжемнің ертегілері.** Қазақ ертегілерінің антологиясы. – Алматы:
«Аруна» баспасы, 2009 (үшінші басылым). – 72 бет.
ISBN 9965 – 26 – 060 – 5

«Әжемнің ертегілері» – көркем суретті тұрмыс-салт ертегілерінің жинағы. Балаларды кішкентайынан халық ауыз әдебиетімен сусында-тып, олардың ой-өрісін, танымдық қабілетін дамытатын бұл кітап қазақ және орыс тілдерінде шығарылып отыр.

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ББК 82. 3 (5 каз)

Б 48003250204
00 (05) – 05

ISBN 9965 – 26 – 060 – 5



© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2009

МАЗМҰНЫ

	Соқыр күйші	5	
	Алтын санаған аштан өледі	7	
	Шал Шияз	9	
	Бір үзім нан	12	
	Ақылды етікші	13	
	Ақыл. Ғылым. Бақыт	16	
	Пайғамбар мен бай	17	
	Асқан асыл сыйлық	19	
	Асыл дәрі	21	
	Хан мен үш ұры	23	
	Хан мен кедей жолаушы	25	
	Қайырымдылық	27	
	Ақылды жігіт пен зерделі қыз	33	
	Еңбекқордың есесі түгел	37	
	Бала мен қарлығаш	38	
	Еңбекпен тапқан нан	43	
	Ең қымбат байлық	44	
	Еңбекқор мен жалқау немесе нан туралы аңыз	44	
	Жазмыштан озмыш жоқ	47	
	Сексен өтірік	49	
	Медебай батыр мен Ақшолақ арлан	66	
	Еңбек пен безгек	68	
	Атымтай жомарт	70	
	Байлық пен ақыл	72	



Соқыр күйші



Баяғы өткен заманда бір соқыр күйші болыпты. Ол халық арасында қобыз тартып күнелтіпті. Бір күні ел көп жиналған жерде күй тартып отырады. Жиналған қауым тиын-тебенін беріп тараған кезде сәнді киім киген біреу келіп, шалдың қойнына қолын салады. Шал алдымен сасқалақтағанымен, артынан ұрының қолын ұстай алады да:

– Халқым-ау, тапа-тал түсте тонап жатыр! – деп айғай салады.

– Өзің шіреніп киініп алыпсың, сөйте тұра ғаріп кісіге қиянат жасайсың. Ұялмайсың ба? – деп жұрт шуласады.

– Мен шалдың қалтасына садақа салмақ болып едім, қолымды ұстай алды, – дейді ұры.

Халық шал мен ұрыны қазының алдына апарады. Екеуін тыңдап болып, ұрыға ашуланған қазы ақыра бастайды. Сол кезде ұры ұялмастан:

– Мырза! Менің әке-шешем бай. Қайдағы бір соқыр шалға қиянат жасап не қылайын. Садақа бермек болып едім, қолымды ұстай алды, – дейді.

– Сен сияқты сұмды тәрбиелеген қандай әке екен? – деп тепсінеді.

– Мырза, сіз білесіз, – дейді сонда ұры.

– Сенің әкеңді де дарға асқызамын! – деп ақырады қазы. Ұры қазыға көзін қысып қойып:

– Әкемнің беті бұдыр, арқасы күдір, есімі – «Отыз күміс», – дейді. Қазы ойланып қалады. Біраздан соң ұры мен шалды қаматып тастайды. Қараңғы түскен соң қазы мен ұры кездеседі. Ұры қазыға 30 күміс теңге санап береді. Ертеңіне қазы соқыр шалға:

– Сен кәрі қақпас, адал адамға жала жауып жүрсің! – деп зіркілдейді.


Шал жауап қатпай, отыра қалып, жерді қазып, тың тыңдайды. Бұған қазы таңданып, шалдан оның мәнісін сұрайды. Шал басын көтеріп:

– Кеше осы жерде әділет төрелік айтып еді. Сол әділет отыз теңгенің салмағын көтере алмай жердің тесігіне түсіп кетіпті. Не сол әділетті алам, не отыз теңгені алам, – деп жауап береді.

Қазы өз қателігін мойындап, ұрыны жазалайды. Соқыр күйшіге үлкен сый жасап, ат мінгізіп, аттандырып салады.



АЛТЫН САНАҒАН АШТАН ӨЛЕГІ



Қай заманда өткені белгісіз, Сағат есімді үрерге иті, сығарға биті жоқ, сіңірі шыққан қу кедей болыпты. Ол бірде аштықтан көзі қарайып, басы ауған жаққа қаңғалақтап келе жатыпты. Әбден қалжырап, ұйқы меңдеген байғұс сәл тынығып алайын деп бір құмайт жерге жантая кетіпті. Арқасына аяздай батқан жоқшылық ұйықтаса да қыр соңынан қалмаса керек. Түсінде де осы азаптан бас сауғалап, қашып келе жатса, алдынан сақалы белуарына түскен аппақ құдай қария шығады. Жарлының жолын кес-кестеп:

– Оян! – депті. – Өзің жантайған құмайттың оң жағына қарай он қадам жүрсең, ескі жертөленің* орны бар. Сол арадағы қираған ошақтың астын сынық сүйемдей қазсаң, Сүлеймен саудагердің былғары сақтияны* табылар. Сақтиянның аузын ашып-жапқан сайын ішінен бір теңгелік алтын ділдә аласың. Енді қалған өміріңе бұйырған несібе осы. Қанағат қылсаң, қарның тояды, – дейді де ғайып болады.

Жүрегі алып-ұшып, орнынан атып тұрған Сағат ұйықтаған жерінен оңға қарай он адым аттайды. Опырылған жертөленің оқпандай* орнына кезігеді. Құлаған ошақтың орнын тырналап қазып жатып: «Осыдан шалдың айтқандары расқа шығып, бір ділдә тапсам – тойынып тамақ ішермін. Екі ділдә тапсам, дүние-ай, бала-шағамның жүрегін жалғар едім. Егер үш ділдәға жетсе, әйеліме арнап көйлек сатып алар едім», – деп қиялдайды.

Шалдың берген аяны айнымай келеді де, айтқан орыннан әмиян табылады. Бір апса – бір ділдә, екі апса – екі... Әмиянды жүз ашқанда, үйіліп жатқан ділдәларды көзімен жей отырып, Қарақұмның қақ ортасынан хан сарайындай күмбезді үй салуды армандайды. Қарнының ашқанын да, балаларын да, бұл дүниеде әйелінің бар екенін де ұмытады. Көзіне қызылды-жасылды дүние елестеген Сағат мың, он мың, жүз мың, ..., миллион рет ашамын дегенше, арада екі апта уақыт өтіпті. Өстіп отырғанда дүниеқоңыз сорлының жүрегі үзіліп, бұл дүниемен қош айтысқан деседі.

*жертөле – жеркепе, жерден қазған үй

*сақтиян – әмиян

*оқпан – ойылып түскен жер қуысы, шұқыр



Шал Шияз



Бұрынғы заманда бір үлкен теңіздің жағасында кемпір мен шал өмір сүріпті. Бұлардың мал дегенде бір сауын ешкісі һәм бір балық ұстайтын ауы болыпты. Шалдың аты Шияз екен. Шал аумен балық аулапты, ал кемпірі ешкіні бағыпты. Бұлардың бар қорегі ешкінің сүті мен балық болған екен.

Кемпір мен шал әр уақытта бір тұлкіден қорлық көріп жүріпті. Шал Шияз теңізге ау салып балықты суырып алған мезетте судың жағасына тұлкі келіп, мұның балығын тартып жеуші еді. Тұлкі өзінен күштірек болған соң шал Шияз бұған ештеңе істей алмапты. Тұлкіден өзге кемпір мен шалдың Ботакөз деген күшті, мінезі жаман бір алып дұшпаны болыпты. Алып Ботакөз шал Шияздың үйінің қасындағы бір үңгірде тұрып, адамның етін жеп күн көреді екен. Сақтап қойған еті таусылғанда Ботакөз алып қасындағы аймақтан балаларды һәм кемпір, шалдарды жиып әкететін көрінеді.

Бұл алыптан шал Шияз бір айламен құтылмақ болады. Сөйтіп өзінің әйеліне:

– Кемпірім, әрдайым осылай Ботакөзден қорқа береміз бе? Одан да мен бір жақсылап тұрып оның сазайын тартқызайын. Оны қонаққа шақырайық, ешкіні союға маған көмектес, – дейді.

Жалғыз ешкісін қимаса да, кемпір байғұс шалдың айтқанынан шықпапты. Кемпір мен шал үш күнде ешкісін әрең дегенде жығып сойыпты. Шал ешкінің ішек-қарнын һәм миын саз балшыққа көміп, үстіне кебу топырақ жауып қойыпты. Мұнан соң шал Шияз Ботакөзді қонаққа шақырған екен. Үйіне келген жексұрын алыпты ешкінің етімен сыйлап болған соң шал Шияз:

– Кел, батырым, екеуміз күш сынасайық. Әуелі жердің ішек-қарнын, одан соң миын шығарайық, – депті.

Ботакөз ашу шақырып, бар күшімен тепкенде аяғы тізесіне дейін жерге кіріп, ішек-қарнын шығара алмапты.

– Қанеки, енді мен қимылдап көрейін, – деп шал Шияз саз балшықтың үстінде тұрып жерді теуіп қалады. Аяғы балшыққа еніп, шал ешкінің ішек-қарнын суырып алады. Мұның күшіне алып аң-таң болады.

– Енді жердің миын шығарайық, – дейді Шияз. Ботакөз бұрынғысынан да жаман ашуланып, жерді одан да қатты тепкенде жерге белуарынан еніпті.

Сөйтсе де жердің миын шығара алмапты. Сонда шал Шияз жерді теуіп, саз балшықтан ешкінің миын суырып алып:

– Мінеки, жердің миы. Ботакөз, менің күшіме разысың ба? – деп сұрапты.

– Рас, сен күшті екенсің. Кел, енді ағаш жұлысайық, – дейді алып.

– Жарайды, – деп шал Шияз келіседі. Ботакөз жүгіріп барып бір емен ағашты тамырымен қопарып, жеті таудан асырып лақтырып жібереді. Шал Шияз бір үлкен еменді құшақтап тұрып:

– Бүгін мен күшімді көрсетемін. Ал Ай, аузың бұзылмасын, Күн, көзің шықпасын, – депті.

Мұндай сөздерден қорқып кеткен Ботакөз жүгіріп келіп шалдың аяғына жығылып, жалынып-жалбарына бастайды:

– Еменді лақтыра көрме, Ай мен Күнді жаралайсың.

Сонда шал Шияз:

– Кел, екеуміз өле-өлгенше дос болайық. Сен тағы да жақын арада маған қонаққа кел, – дейді.



Ботакөз үйіне кеткенде шал Шияз өзінің айласына қуанып әйеліне:

– Кемпірім, алыпты тағы да қонаққа шақырдым. Бұл жолы бұған мынандай қулық істейін. Алып келе жатқанда мен өтірік ұйықтап жатайын, ол үйге енгенде мені оята баста, – дейді.

Біраз уақыт өткен соң Ботакөз тағы да қонаққа келеді. Кемпір мен шалдың үйіне әрең сыйып, басы шаңырақтан шығып отырады. Кемпір шалын оятып жатып:

– Шалым, саған досың қонаққа келді. Мұны немен сыйлаймыз? – дейді.

Шал:

– Басқы алыптан бас қалған, соңғы алыптан төс қалған. Соны жиып-теріп қазанға сал. Егер де бұл аз десең, осы отырған алыптың өзін ас, – деп айтады.

Мына сөзден жаны шыға қорыққан Ботакөз шал мен кемпірдің үйін көтере қашады.

Ботакөз алып басы ауған жаққа қашып бара жатқанда жолда оған түлкі кез келеді. Түлкі:

– Қайдан келесің, қай жаққа барасың, Ботакөз? Сен де біреуден қорқады екенсің-ау. Маған айтшы, басыңа не күн туды? Мен саған бір қызмет қылайын, – дейді.

– Ой, қарағым түлкі, менен де күшті адамдар бар екен. Айтшы, қарағым, шал Шияздан қалайша, қайда барып құтыламын? Мені ол өлтіреді, – дейді Ботакөз.

– Шал Шияздың күші жоқ, мен оның аулаған бар балығын тартып жеп тұрамын. Қорықпа, керек десең, оны жеңіп берейін, – дейді түлкі.

– Қой, түлкім, қой, сен онымен теңесе алмассың, – дейді алып.

– Бекер айтып тұрған жоқпын, егер де маған нанбай тұрсаң, менің құйрығымнан мықтап ұста. Алдағандай болсам, маған не қылсаң да ықтияр сенікі, – деп түлкі қоймайды.

Ботакөз алып түлкімен бірге кемпір мен шалға қарай бет алады. Кемпір мен шал сынып қалған үйінің оны-мұнысын жиып жүрген еді. Шал оларды көріп:

– Төңір жарылқасын сені, түлкішегім, Ботакөзді алдап әкелдің бе? Ұста, мен оны отқа салайын, – дегенде алыптың зәре-құты қалмайды. «Түлкі мені шалдың қолына ұстап бергелі жүр ғой» деп, мұны құйрығынан алып жерге бір қойғанда, түлкі өліп кетеді. Сөйтіп, Ботакөз жеті жылда қос атпен бара алмайтын жерге қарасын батырады.

Осылайша, кемпір мен шал Ботакөз алыптан һәм түлкіден құтылыпты.

Бір үзім нан



Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен.

Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған – алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті.

Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күні қарны ашқан бай кедейге:

– Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, – дейді.

– Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, – деп жауап береді кедей.



Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды.

– Алтынымның жартысын берейін, – дейді ол бұл жолы.

– Жоқ, бере алмаймын, – деп бұл жолы да кедей келіспейді.

Ақыры, аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні осыған орай айтылған екен.

Ақылды етікші



ұрынғы өткен заманда халқының жағдайын ойлаған бір әділ патша болыпты. Халқына арнап шығарған әрбір жарлығы еш тоқтаусыз орындалып тұрады екен. Бір күні патша: «Менің халық пайдасын ойлап өткен әмірім бұлжымай орындалып тұрады. Енді мен бұқара халқыма зиянды бір әмір таратайын, халқым тыңдап, орындар ма екен, не істер екен?» деп ойлаған ол уәзірлеріне:

– Ешкім басына пайда қылмасын және кеш түсісімен шам жақпасын! – деп әмір қылады. Халыққа жарлықты жеткізген уәзірлер:

– Халқыңыз әміріңізді айтқаныңыздай бұлжытпай орындайтын болды, – дейді патшаға келіп.

Патша уәзіріне еш жауап айтпай, түн болған уақытта үстіне ескі-құсқы киім киіп, «Халқым залал әмірімді тұтқаны рас па екен?» деп аралап жүрсе, шеттегі бір үйде шам жанып тұр екен. Патша қайыр сұраған кісі болып, сол үйге кіреді. Үйдің ішінде етік тігіп бір етікші отыр екен. Етікші қайыршыға бір үзім нан береді. Сонда қайыршы-патша:

– Ешкім басына пайда қылмасын және шам жақпасын деген патшаның бұйрығы бар емес пе еді? Оның әмірін орындамайтын не қылған адамсың? – деп сұрайды.

– Сенің онда не жұмысың бар? Бұл әмірді беріп отырған патша да ақымақ. Себебі мен жарлымын және күнінде төрт ділдә пайда көремін, төрт



ділдә зиян шегемін. Міне, мен сонымен күн көріп отырмын, – дейді етікші.

Патша бұған жауап қайырмай, түп-тура үйіне келіп өзінің төрт уәзірін шақырып:

– Сендердің ақылдарың көп деп, басқалардан артық көріп, көптен өзіме уәзір қылып едім. Енді менің сендерден сұрайтын сауалым бар: күніне төрт ділдә зиян және төрт ділдә пайда қыламын. Сондағы пайдам мен зияным не? Соны табыңдар, таба алмасаңдар, өлтіремін. Жауабын үш күн өткен соң, төртінші күні сұраймын. Болмаса, алдыма жауабын табатын кісіні әкеліңдер, сонда ғана жазадан құтыласыңдар, – депті.

Уәзірлер үш күн бойы ойланып, шешімін таппайды. Тіпті патша сауалының жауабын білетін кісіні де кездестірмейді. Енді олар патшаға көрінбей қашпақшы болады. Осы кезде уәзірлерге баяғы етікші келіп жолығады. Ол:

– Мен патшаның сұраған сауалын тапсам, сіздер не берер едіңіздер? – дейді.

Қуанып кеткен уәзірлер:

– Әрқайсымыздың құнымыз бір мың ділдә. Төртеумізден төрт мың ділдә алыңыз да айтыңыз, – деп жалынады.

Етікші уәзірлерден төрт мың ділдәны санап алып, олармен бірге патшаға барады. Патшаға келіп:

– Тақсыр, мен етік тігіп, әр күні төрт ділдә пайда қылам, төрт ділдә зиян шегемін. Ол былай: бір ділдәны қарызға, тағы бір ділдәны ескі қарызыма беремін. Одан кейінгі бір ділдәны құдыққа тастаймын, соңғы бір ділдәмды әйелім мен екеуміздің қаражатымызға жұмсаймыз, – депті.

Сонда патша:

– Әйелің екеуің жұмсаған бір ділдә түсінікті, қалған үш ділдәның жұмсалған орнын анықтап түсіндір! – дейді.

Бұл сөзге етікші былай деп жауап қайтарыпты:

– Бір ділдәмды қарызға беремін дегенім – балама беремін, қартайғанда өзімді асырар деп, бір ділдәны ескі қарызыма беремін дегенім – өзімді жасымда асыраған кәрі әкем мен шешеме көмектескенім, енді бір ділдәны құдыққа тастаймын дегенім – күйеуі өліп, қайтып келіп отырған қызым бар, соған беремін.

Сонда патша етікшінің орынды жауабына және ақылына риза болып, өзіне уәзір қылған екен. Уақыт өте келе етікші байып, барша мұратына жетіпті.

Ақыл. Ғылым. Бақыт



А

қыл, Ғылым, Бақыт үшеуі Ақиқаттың алдына келіп, сарапқа түседі. Ақиқат әрқайсысына жеке-жеке тоқтап, мынадай баға беріпті.

– Ей, Бақыт, сен тұрақсызсың. Орныңды таңдай білмейсің. Басына қонған жанның көзіне шел, көңіліне желік бітіресің. Күндердің күнінде лақтырып тастап кетесің. Ақылмен тізе қос, сонда көп жасайсың!

– Ей, Ғылым, дүниеде жаратылысы сенен күшті не бар? Қажет болса, қара тасты қайнатасың, сақауды сайратасың, жоқтан бар, бардан жоқ жасайсың. Он сегіз мың ғаламды билеп-төстеуді көздеп, адамзатты кейде түзік*, кейде бұзық жолға саласың. Асылы*, абырой алғың келсе, Ақылдың етегінен ұста!


– Ей, Ақыл, патшаға да, пендеге де өзіңнен артық дос жоқ. Бір кемшілігің – Ашу үстіңе кіріп келгенде орныңды беріп шығасың да кетесің. Кейін Ашудың бүлдіргенін жамап-жасқаймын деп тағы әлекке түсесің. Әуелден от басында кірпік қақпай отыратыныңды білсе, Ашу сенің үстіңе кірмеген болар еді. Менің тілек-батам: «Ақыл, сен адам бол. Ғылым, сен ат бол. Бақыт, сен қамшы бол. Үшеуің біріксең, ешбір мұң-мұқтаждарың болмас», – депті.

*түзік – түзу, тура, дұрыс

*асылы – тегінде, негізінде



Пайғамбар мен бау



Ерте заманда бір елде ит пен мысықтың тілін білетін пайғамбар өмір сүріпті. Оның бай досы болыпты. Бірақ ол ит пен мысықтың тілін білмейді екен. Бір күні пайғамбарға:

– Пайғамбар досым, сен ит пен мысықтың тілін білесің ғой, маған да үйретсейші, – деп өтініпті.

Сонда пайғамбар:

– Сен ренжіме. Мен олардың тілін үйретсем, өзіңе жаман болады, – деп жауап беріпті. Бірақ бай өтініп қоймаған соң пайғамбар үйретеді.

Бір күні киіз үйдің ішінде бай отбасымен ет жеп отырады. Есік алдында ит жатады. Үйдегілер мысыққа қайта-қайта тамақ береді. Сонда иттің жыны келіп:

– Қап, бәлем, тұра тұр, тойып тамағыңды жеп ал, бір күндері қолыма түсерсің, – деп мысыққа қарап ырылдап қояды. Сонда мысық айтады:

– Мен сенің қолыңа түспеймін, мияу, жылы жерде пырылдап ұйықтаймын. Маған рахат. Ал сен болсаң, далада қой соңында сүмендеп жүресің, мияу.

Мұны естіген үй иесі өзінің кемірген сүйегін итке лақтырады. Мысық байдың бұл ісіне мәз болып:

– Саған сол сүйек-саяқ та жарайды, мияу, – деп итті мазақ етеді.

– Сенің түк пайдаң жоқ, жата бересің, ал мен болсам, далада қой күзетемін. Қап, қолыма түсерсің, – деп ит одан сайын ызаланады.

Келесі күні мысық киіз үйдің шаңырағында секеңдеп жүріп, иттің қолына қалай түскенін білмей қалады.

– Қолыма түстің бе? Сені осы жерде өлтірейін енді, – дейді ит.

– Итеке, сіз менен үлкенсіз. Сізге мен бұдан былай «сіз» деп сөйлеймін. Сіз менің ағайымсыз ғой. Мен бірдеңе ойлап таптым. Ертең осы үйдің бір аты өледі. Сол аттың өлексесіне екеуміз әбден тоямыз. Ертең осы кезде мына жерде болыңыз. Ал мені, қазір қоя беріңіз, – деп мысық жалына бастайды.

Бұлардың сөздерін естіген бай атын базарға апарып сатып жібереді.

Мысық тағы бір күні далада секеңдеп ойнап жүріп, иттің қолына түседі.



– Сен мені өткен жолы алдап кеттің, – деп ит мысықты қылқындыра бастайды.

– Ағатай, мені босатыңызшы. Ертең байдың атан түйесі өледі. Сонда екеуіміз де етке қарық боламыз, – деп мысық тағы жалыныпты.

– Жарайды, бұл сөзіңе де сенейін, – деп ит оны тағы босатады.

Мұны естіген бай атан түйесін де сатып жібереді. Мысық ойнап жүріп, иттің қолына үшінші рет түседі.

– Сен мені тағы да алдадың ғой, – дейді ит оған тап беріп.

– Кешіріңіз. Мен сізді алдаған жоқпын. Бай мен атаған малдарын сатып жіберді. Ертең байдың өзі өледі. Бай өлген соң қазандағы етті айдалаға тастайды. Соған екеуіміз тоямыз, – дейді мысық.

Бұл сөзді естіген бай өзінің досы пайғамбарға келеді де, мысықтан естігенін айтып болып:

– Енді не істемекпін? – дейді. – Өлетін болдым ғой.

– Алдында мен саған айтып едім ғой, олардың тілін білсең, жаманшылыққа ұшырайсың деп. Енді Құдайға құлшылығыңды жасап, үй-ішіңе айтып, өлімге дайындала бер, – дейді пайғамбар.

Бай үйіне барып, бәрімен қоштасады. Келесі жұмада мысықтың айтқаны келіп, бай өледі. Байдың бәйбішесі мен тоқалы дүниеге таласады. Сол жерде ұрыс басталады. Ит пен мысықтың ауыздары майланып, иесіз қалған қазандағы етке тояды.

Асқан асыл сыйлық



лгері заманда Отырар шаһарында бір саудагер болыпты. Оның үш қызы бар екен.

Күндердің күнінде саудагер алыс елдерге сауда жасауға аттанбақ болады да, үш қызын шақырып:

– Ал, шырақтарым, мен алысқа сапар шеккелі отырмын. Сендерге не сыйлық әкелейін, қалауларыңды айтыңдар, – дейді.

– Әке, маған бір тізбек ең асыл маржан әкелерсің, – дейді үлкені.

– Ал маған, – дейді ортаншысы, – көйлектік ең әдемі жібек әкел.

Екі қыздың айтқанын тыңдаған саудагер сүйікті кенже қызынан:

– Ал, саған қандай сыйлық әкелейін? – деп сұрайды.

– Жан әке, егер сіз аман-сау оралсаңыз, содан артық сыйлық болмас. Ал егер сыйлықты атау қажет болса, онда қай елде болсаңыз да, пісірген наныңыздың күлін тастамай жинап әкеліп беріңіз, – дейді ол.

Саудагер қызының тілегіне таңданғанымен қарсы сөз айтпады.

Әр елді аралап саудагер ұзақ жүреді. Қайтатын мезгіл таянғанда қыздарының тілегін орындап, бағалы сыйлықтарын алады да, елге қайтуға жиналады.

Үйде қыздары оны асыға күтіп отырады. Үйге аман-есен оралған әкесі екі қызына бағалы сыйлықтарды беріп, кенжесіне күл салған дорбаны ұстатып тұрып:

– Қызым, мен сенің де тілегіңді орындадым. Бірақ осындай сыйлық әкелгеніме өзім ұялып тұрмын, – дейді.

Қызы үндемейді. Дорбаны алып, аузын ашып қояды да, сүйікті итін шақырады. Ит күлді иіскейді де, мұрнын шүйіріп теріс қарайды. Иттің әрекетін көрген қыз әкесіне:

– Жан әке, жат елде біреу сізді нанмен уландырмақ болып, нан пісіретін отқа у тастаған екен. Егер осы у денеңізге дарығанда ауырып қалар едіңіз. Қайтыс болуыңыз да мүмкін еді. Ал сіз деніңіз сау, аман оралдыңыз. Осы маған ең асыл, бағалы сый! – дейді.

Саудагер бұдан соң кенже қызын бұрынғысынан да ерекше жақсы көріпті.



Асыл дәрі



Бір жолаушы арып-ашып, алыстан жол жүріп келе жатады. Біршама уақыт өткеннен кейін алдынан жалғыз лашық көрінеді. Аштықтан әлсіреген жолаушы үй иесіне келіп, жүрек жалғарлық бірдеңе сұрайды:

– Аштан өліп барамын, қайырымды жан! Маған ас бер. Қалтамда көк тиыным жоқ, бірақ осының есесіне мен саған ақшадан да қымбат нәрсе сыйлаймын. Ол – адамды өлім аузынан алып қалатын асыл дәрі. Осы кезге дейін бұл сырды ешкімге айтқан жоқ едім. Қайырымдылық қылсаң, саған сол ғажайып сырды айтып берейін.

Үй иесі көп ойланып тұрмай күріш басуға кіріседі. Қонағының алдына тамақ әкеліп қойып:


– Енді жаңағының құпиясын айтшы, – дейді үй иесі.

– Оны айтып жатудың қажеті жоқ. Маған еріп жүр! Бәрін де өз көзіңмен көресің! – дейді жолаушы.

Үй иесі жолаушыға еріп жолға шығады.


Жолаушы үндемей жүре беріпті. Жайқалып өсіп тұрған күрішке таяп келіп, жолаушы бір сабағын жұлып алып қайырымды үй иесіне ұсынады.

– Мінеки, мен айтқан ғажайып нәрсе осы. Бұл адам баласын ажалдан құтқарып қалатын дәрі. Өзің ойлашы, осы күріш болмаса мен кеше-ақ әлсіреп өліп кетер едім. Не нәрсе адамға қысылған кезінде дәрмен болса, асыл дәрі сол, – депті де жолаушы үй иесіне рахмет айтып, өз жөнімен кете беріпті.





Хан мен үш ұры



Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде бір хандықта үш баукеспе ұры болыпты. Бұлардың үшеуі де жүрсе, жымын білдірмейтін, тіксе, жібін білдірмейтін нағыздардың өзі екен. Үшеуі басқа-басқа, тіпті ханның қазынасына да ауыз салыпты. Оларға қарсы хан небір амал, айла жасаса да, ұстатпай құтыла беріпті. Бір күні хан бойжеткен қызына:

– Қазынаны күзетуге өзің бар, былайынша елеусізсің ғой. Күш көрсете қоюға жолың да жіңішке. Егер реті келсе, мұрттысы болса алдап-сулап, мұртының оң жағын білдірмей қиып ал...

Хан қызы сол түні күзетке тұрады. Түннің бір уақытында ұрылар да келіп, қолына түскен дүние-мүліктерді ұрлауға кіріседі. Киімін өзгертіп киген хан қызына тіпті мән бермей, емін-еркін қимылдайды. Аңысын* аңдып, ретін келтірген хан қызы мұрттысының оң жақ мұртын қиып алып қалады. Ертесіне таң азда хан бұл хабарды естісімен қуанып:

– Мұртының оң жағы қиылған адамды алдыма алып келіңдер! – деп жасауылдарына бұйрық береді. Бірақ олар мұрты қиылған бір емес, елу адамды ұстайды. Хан ұрылардың қулығын асырып кеткеніне қайран қалады.

Енді ескі-құсқы киім алып, бет-аузын өзгертіп, ханның өзі күзетке тұрады. Түн ортасы ауыңқырап кеткен соң, үш ұры мұның қазынасы жиналған жерге тағы келеді. Бөгде адамды көрген ұрылар алғашында үркектей тұрып қалады да:

– Сен мұнда мезгілсіз уақытта неғып жүрген адамсың? – деп сұрайды.

– Мен ұры едім, осы тұста ханның қазынасы бар деп еді, таба алмай жүрмін, – дейді хан.

Бұған күмөнданған ұрылардың басшысы:

– Жай адам ұры болмайды. Ұры өлімге бас тиге біледі. Өзгеше бір өнері болады. Сондай өнер сенде бар ма? – дейді.

– Ұрымын дедім ғой, өздеріңнің қандай өнерлерің бар? – деп хан ұрыларға қарсы сұрақ қояды.

– Мен жер-жаһандағы нендей мақұлықтың да тілін білемін, олардың емеурініне түсіне қоямын, – дейді бірінші ұры.

*аңыс – істің бет алысы, ыңғайы

– Айсыз қараңғы түнде бір көрген адамымды ертесіне жарық болсын, қараңғы болсын, жазбай танымын, – дейді екінші бір егделеу ұры.

– Ал мен хан ием қазынасын қайда тыққыштап, қайда жасырса да, жазбай таба аламын, – дейді үшінші ұсқынсыздау кейіптегі ұры.

Қапелімде ерекше «қасиеті» аузына түспей сасқалақтап қалған ханға ұрылар тым күдіктеніп:

– Ендеше, сен ұры болмадың, жаныңды жаһаннамға жөнелтелік, – деп өлтіруге оқталады.

– Сабыр етіңдер, мырзалар, – депті сонда хан. – Бір ұры қолға түсіп, дарға асылғалы жатқанда, мен ханға көз қысып қалсам болды, хан оны бірден босатып жібереді. Менің ерекше қасиетім – осы.

Ұрылар бұған сеніп, мәз болып, қауқылдасып қалады. Оны төртінші етіп өз тобына қосып алады. Сол күні ұрылар ханның қазынасынан алтын, күміс сияқты дүние-мүліктерін көтергендерінше алып, тығып қойған өз қазыналарына әкеліп қосады. Ұрылармен бірге олардың үйіне келген хан таң сыз бере еппен басып орнынан тұрады да, жылыстап қашып кетеді. Хан бүлкектей жүгіріп бара жатқанда, алдынан ит үріп шығады. Ұрылардың бірі:

– Ойбай, иттер мынау хан деп, сәлемдесіп жатқан сияқты, – дейді.

– Әй, сен де бір аңның тілін білгіш-білгіш дегенге соға бересің-ау, – деп екінші ұры оған мән бермейді.

Дегенмен, аңның тілін білетін ұры қасындағыларды оятып, қашпақ болады. Бірақ осы уақытта ханның жасауылдары келіп жетіп, бұлардың қол-аяғын байлап, барлық дүние-мүліктерімен қоса хан алдында алып келеді. Хан оларды дарға асуға әмір береді. Жәндеттер де білектерін сыбанып, дар ағашын дайындай бастайды. Бір көргенін жазбай танитын ұры:

– Түндегі бізбен бірге болған мына ханның өзі екен, – деп қасындағыларға сыбырлайды.

Сонда үшінші ұры ханға былай дейді:

– Дат, тақсыр! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ, соңғы сөзімді беріңіз?

– Даттың болса, айт, – дейді хан. – Не айтар екенсің?

Сонда әлгі ұрылардың басшысы:

– Түнде біздің жанымызда төртінші ұры болып еді. Соның ерекше «қасиеті» осы жерде керек болып тұр, – дейді. – Егер оның сол «қасиеті» болмағанда, біз осы іске барар ма едік, бармас па едік...

Сөзден тосылған хан үшеуіне де бостандық беруге мәжбүр болады.

Хан мен кедей жолаушы



Ертеде бір кедей жолаушылап жүріп, иесіз даламен Бұхар шаһарына келіпті. Қалаға кірген бетте ол тұп-тура ханның сарайына барады. Ханның ауызғы үйіне киімін шешіп, жайланып, қоржынынан азығын алып жей бастайды. Хан жендеттері әлгі жолаушының ешқайда мойнын бұрмас-тан тіке ханның үйіне кіргенін көріп, қайран қалады. Сасқандарынан не қыларын білмей тұрып, ақырында, жолаушыны қуа бастайды. Жолаушы:

– Қумаңдар, кішкене дем алған соң өзім-ақ кетемін, – дейді.

– Сен бұл арада неғып отырсың? – деп ашуланып сұрайды күзетшілері.

– Тамақтанған соң, екі сағаттай демалып, жөнелем, – дейді жолаушы.

Күзетшілері ханға барып жағдайды баяндайды. Хан келіп:

– Ей, әдепсіз кедей, менің сарайым саған қонақ үй емес! – деп айғай салады.

– Бұл үй сенің сарайың ба? Бұхардың ханы, айтшы, бұл сарайда сенен бұрын кім тұрды? – деп ханнан асықпай сөз сұрапты.

– Менің әкем тұрды, – депті хан.

– Сенің әкеңнен бұрын кім тұрды? – деп сұрайды жолаушы тағы да.

– Бұл үйде менің атам тұрды, – депті хан.

– Атаңнан бұрын кім тұрды? – дегенде:

– Атамның әкесі тұрды, – депті.

– Сенен соң бұл сарайда кім тұрады? – деп жолаушы сұрағанда:

– Менің балам тұрады.

– Сенің балаңнан кейін кім тұрады?

– Менің немерем тұрады. Құдай бұйырса, менің тұқымымнан әйтеуір біреу тұрады да, – деп хан жауап беріпті.

– Мінекей, байқасаңыз, бұл сарайда бір адамнан соң бір адам тұрады екен. Олай болса, сіздердің бөріңіз бұл сарайда қонақсыздар.

Ашуланған хан ойланып тұрып, нөкерлеріне: «Жолаушыға тамақ, сый беріңдер!» – деп әмір қылыпты. Жолаушы тамағын жеп, дем алады да:

– Мен жолаушымын, маған мұндай сый керек емес. Дүние-мүлік адамға жолдас болмайды. Бәріміз де бұл өмірге келген қонақпыз. Сондықтан әркім Құдайдың өзіне берген несібесіне қарай көреді де, – деп сыйдан бас тартыпты. Бұған хан разы болған екен.



Қайырымдылық



Бұрынғы заманда Есіркеген деген қайырымды бала болыпты. Біреудің басына қиындық түссе, қайғы-мұңын бөлісуге өзiр тұрады екен.

Есіркегеннің көршісі Хасен ақсақал бір күні қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалады. Бірте-бірте тамағынан ас-су өтпеуге айналады. Қарттың сырқаты бүкіл ауылды күйзелтеді.

Бұл жағдай Есіркегеннің де қабырғасын қайыстырады. «Шіркін, шипасы тиетін бір ғажайып шөп табылар ма еді» деп армандапты ол. Есіркеген бұл ойын үйдің көлеңкесінде оңаша отырып, күбірлеп айтқан екен.

– Бос армандағанша, тауға шығып іздемейсің бе? – депті бір дауыс.

Есіркеген дауыстың иесін іздеп, әрі-бері қарайды. Аяғының астында жатқан Хасен ақсақалдың көк төбетінен басқа ештеңе көзіне түспейді.

– Іздемей-ақ қой. Айтып жатқан мен, Көкжалмын ғой, – депті әлгі ит. – Егер шипалы шөп іздеп шыға қалсаң, серігің болайын.

Ертеңіне бала мен Көкжал ойнаған болып, ауылдан ұзап шығып кетеді. Екеуі жүре-жүре, сарқырап таудан құлай ағып жатқан асау өзеннің жанына аялдапты. Дорбадан кепкен нан мен малта шығарып, әлденіп, күш жиыпты.

– Ал енді қармағыңды суға сал, бұл өзенде ханбалық деген ғажайып балық бар, – дейді Көкжал.

Есіркеген қармағын суға лақтырады. Қалтқыны бағып отырып, ағын екпінімен ағып келе жатқан бір мақұлыққа көзі түседі.

– Көкжал, Көкжал, – дейді жағалауды тұмсығымен сүзгілеп жүрген серігін шақырып.

Көкжал суды шалпылдатып жетіп келеді де, тіке мақұлыққа ұмтылады. Асау ағынмен арпалысып жеткен бетте мақұлықты құлағынан тістеп, сыртқа алып шығады.

– Мынау аюдың баласы ғой, – деп Есіркеген мақұлықты әрі-бері қарап таңданады. Қолтығына қолын сұқса, жып-жылы. Жүрегі де соғатын секілді. Суды көп жұтып, тұншығып қалса керек.

– Қой, бұған мен көмектесейін, – деп Есіркеген оған малта, кепкен нан жегізеді. Есін жиған қонжық анасы шомылдырып жатқанда, өзінің жаза-тайым суға кеткенін айтады.



Осы кезде тағы бір қонжығын соңына ертіп, аюдың өзі де келіп жетеді.

– Ей, малғұндар, қонжығымды бөліп жеп, бір тояйын деп отырсыңдар ма? – деп гүжілдейді де, келген бетте Есіркеген мен Көкжалға ұмтылады.

– Жо-жоқ, апатай, тие көрмеңіз бұларға. Бұлар – менің құтқарушыларым, – деп қонжық ара түседі. Сөйтіп, мән-жайды бастан-аяқ анасына баяндап береді. Есіркегеннің бұйымтайын да жеткізеді.

– Ей, айналайын-ай, қолымнан келсе, аянбас едім. Ондай шипалы шөп туралы естіген емеспін. Өзім күзде мына бір шөпті жеп алып, содан көктемде бір-ақ оянамын. Осы шөпті жеп ұйқыға кеткен жанның жүрегі өте баяу соғады дейді. Сырқат адам ішіп ұйықтаса, ауруы тез меңдеп кете қоймайды, өмірі ұзарады деп естігенім де бар. Бір әжеттеріңе жарар. Осыны алыңдар, – депті аю.

Есіркеген аюға рақметін айтып, шөпті мұқият орап, дорбасына салады да, қоштасып, ары қарай жүріп кетеді.

Небір тастардан өтіп, биік шыңды қиялай өскен қалың қарағайға жеткенде, Көкжал құлағын тігіп, қараңғы түкпірге қарай бастай жөнеледі. Жолындағы бұталарды қолымен ығыстырып Есіркеген де ұмтылады. Неғұрлым ағаш қалыңдаған сайын, пысылдап тыныс алған дауыс екеуіне де анық естіліпті. Жақындап келсе, мүйіздері айқасып, үйелеп жатқан екі бұғы көрінеді.

– Ей, адамзат. Біз ашумен сүзісеміз деп жүріп, мүйіздеріміз айқасып қалды. Екеуден-екеу айқасқан бетімізбен аштан өлеміз бе деп едік, сендер келіп қалдыңдар үстімізге. Әбден титықтап біттік. Құр жанымыз ғана қалды. Әйтеуір, амалдап ажыратып жібер бізді, – дейді бұғылардың бірі күңіреніп.

Есіркеген қарағайдың бір бұтағын кесіп алып, тазартып, таяқты екі мүйіздің ортасына салып, сонымен ырғаған кезде мүйіздер оңай-ақ ажырап кетіпті.


– Рахмет саған, адамзат. Жақсылығыңды немен өтесек екен? Біздің мүйізіміз біраз күннен кейін түсіп қалады. Ал адамзат баласы оған әуес келуші еді. Сондықтан таяқпен ұр да, қағып ала ғой, – депті Кербұғы.

– Мүйіздеріңнің керегі жоқ. Көрші атайым тамағынан ас-су жүрмей ауырып жатыр. Егер маған жақсылық істегілерің келсе, соған шипа болатын шөпті көрсетіңдер, – деп Есіркеген азарда-безер болыпты.

– Біз білетін «алтын тамыр» деген шөп бар. Ол кісіге қуат береді, жасартады.

Екі бұғы осыны айтып таудың баурайын шарлап жүріп, үш түп «алтын тамыр» тауып береді.

Былай шыққан соң Көкжал ілгері озып, бір тастың үстінде тұрып иесін шақырады. Есіркеген жақындап келіп қараса, тас дегені шалқасынан түсіп аударылып қалған тасбақа екен.



Есіркеген оны аударып, дұрыстап қояды.

– Рахмет, қарағым. Қиямен келе жатып, байқаусызда домалап кеттім. Сендер болмағанда, жарық дүниемен қоштасуға тура келер еді. Бұл жақсылықтарыңды немен өтесем екен? – депті тасбақа.

– Біз үшін қам жеме, тасбақа. Бізге атайдың науқасына шипа болатын шөпті көрсетсең болғаны, – дейді Есіркеген.

– Айналайындар-ай, ө? Міне, жүз елу жыл жасадым. Бірақ сендер іздеп жүрген шөпті кездестірмедім. Менде бір шөп бар, соны берейін. Бұл шөптің қасиеті сол, жан-жануардың адамға мейірін түсіреді. Аң мен құстардың бірі болмаса бірінің көңілі түсіп, іздеп жүрген шөптеріңнің қайда екенін айтып берер, – деп тасбақа Есіркегенге сап-сары ұсақ гүлі бар кішкене ғана шөпті ұсынады.

Есіркеген мен Көкжал екеуі қия жартаспен өрмелеп келе жатса:

– Ей, адамзат, қолыңда қаруың жоқ. Қалай аң аулап жүрсің? – деген жаңғырық естіліпті. Жоғары қараса, бір үйдей сандық тастың үстінде иір мүйізін шайқап арқар тұр екен.

– Біз аң аулап жүрген жоқпыз. Көрші атайдың сырқатына дәрілік шөп іздеп жүрміз, – деп жауап береді Есіркеген.

– Е... е... жақсылап тыңдап ал ендеше. Анау басында қар жатқан ең биік құзар шыңды көрдің бе?

– Көріп тұрмын.

– Сонда бір ала қанат торғай мекендейді. Ол ұясын тірі пенде бара алмайтын қия жартасқа салады. Өлгі науқасқа бірден-бір ем – соның жұмыртқасы. Бірақ жұмыртқаны өзінің мейірі түсіп бергені жөн. Сонда ғана ол ауруға шипа болады.

Есіркеген рақметін айтып, құзды шыңды бетке алып жүріп кетіпті.

Көкжал екеуі қарлы шыңның бел ортасына шаршап-шалдығып өзер көтеріліп, тыныс алып отырса, ала қанат торғайдың өзі ұшып келеді. Тасбақа берген шөптің әсері ме:

– Иә, адамзат. Ізгілік үшін ем іздеп жүр екенсіңдер. Мен көктем кезінде бар болғаны екі-ақ жұмыртқа басып шығарамын. Қазір, міне, күз. Жақын күнде балапандарымды ұшырамын. Сендерге айтарым, ерте көктемде келіңдер. Мейірімді азамат үшін бір жұмыртқаны артық табармын, – депті.

Есіркеген ерте көктемде келетін болып келісіп, ауылына қайтыпты.

Бұдан соң Хасен қартқа арналып жасалған сорпаға да, қайнатылған шайға да бір тал «алтын тамырдан» аздап қосып жүріп, бәрін тауысады.

Хасен қарт сырқатынан сауығып кете қоймағанымен, аздап әл-қуат жинайды.

Бір күні Есіркеген қайнап жатқан шәйнекке аю берген шөпті тастап жібереді. Содан Хасен қарт шәйнектегі шайды тауысып ішіп, ұзақ ұйқыға кетеді.

Ал Есіркеген ерте көктемде Көкжалды ертіп тағы да жолға шығады. Тау беткейімен келе жатып, өзен жағасында өсіп тұрған жалғыз қарағайдың жанып жатқанын көреді. Ағаштың маңайында ерсілі-қарсылы аралар ұшып жүр. Есіркеген жүгіріп барып отты сөндіреді. Ағаш қуысында аралардың ұясы орналасыпты. Онда өткен жылдан қалған балауыз* бар екен.

Сол кезде аралар бірінен соң бірі құжынап келіп:

– Бізді өрттен құтқарғаның үшін рақмет. Мынау – біздің сыйымыз. Мұны бір заттың сыртына жақсаң, зат мәңгі-бақи бұзылмайды, – деп балауызды жапыраққа орап береді.

Есіркеген жүре-жүре баяғы құзар шыңға жетсе, өздеріне таныс ала қанат торғай алдарынан шығып қарсы алады.

– Міне, жұмыртқа, – дейді аузындағы жұмыртқасын қардың үстіне қойып. – Бірақ ол сәл жылы жерге барса, қасиетін жояды, тез бұзылады. Енді қалай алып кетесіңдер?

– Оны мына балауызбен ораймыз. Сонда мәңгі-бақи бұзылмайды, – деп жауап қайтарады Есіркеген.

Ауылға келген бетте Хасен қарттың үйіне кіреді. Ол жаңа ғана оянып, шапанын желбегей жамылып, төсек үстінде отыр екен. Тіпті оянғанын үйіші де білмейті.

– Қарағым, Есіркеген, қаным кеуіп барады. Бір кесе су құйып бере қойшы, – дейді қарт.

Есіркеген самаурыннан бір кесе су құйып алып, теріс қарап тұрған күйі ішіне жұмыртқаны араластырып, Хасен қартқа ұсынады.

Сол күннен бастап ауру меңдеген қарттың беті бері қарап, біраз күннен кейін тіпті құлан-таза айығып кетіпті. Қуаныштан ел-жұртын жиып ұлан-ғайыр той жасапты. Жиналған көптің алдында ол Есіркегеннің қайырымдылығын аңыз етіп әңгімелеп берген екен.

*балауыз – араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат



Ақылды жігіт пен зерделі қыз



Ерте заманда Ұлытау өңірін мекен еткен Санғасыр деген қарт адамның жалғыз қызы болған екен. Қартайғанда көрген жалғызынның сымбатты, зерделі болып өскендігіне мың бір тәуба қылған шал оны теңіне қосуды армандапты.

«Арман түбі – көп белес, белес түбі – асқар, сол асқарға шыққанда көңіл шіркін не айтар!» Күндердің күнінде қыз кәмелетке толып, әркімдер құда түспек болып жаушы салғандықтан, Санғасырдың басы қатыпты: «Малы мыңғырған байға беруі керек пе, ел билеген жанға беруі керек пе, жоқ әлде тәулігіне жиырма екі рет сәлем беріп дін ұстап, иманды жолдас қылған жанға беруі керек пе?» Осылайша, қызының теңі кім екенін таба алмай әуре-сарсаңға түседі.

Әкесінің басы қатып жүргендігін сезген қыз бір күні:

– Жақсы адам елге жуық, жемісті ағаш жерге жуық, – деп құлаққағыс етеді.

Бір жыл тосып, екі жыл тосып, ойлы адам көзіне түспеген Санғасыр, ақыры, бір ұстадан темір таяқ алып, ел кезеді. Сансыз руларды аралап, небір жігіттерді кездестіреді. Бірде-біреуін жақтырмайды. Аспанмен астасқан ақ сәлделі таудың талайынан асып, жұпар иісі аңқыған гүлді даланы жалпағынан басып, сарыла аңсаған, асыға арман еткен қызына тең таба алмай, ақыры, елге қайтуға бет түзейді. Солтүстіктен оңтүстікке созылған даңғыл керуенмен бірге қонақтап, жылжи басып келе жатса, киімі жұтаң, өңі жадау бір бала қарсы ұшырасады да, үн-түнсіз ілесіп отырады. Баланың аты Мерей еді.

«Ел аралаған жетімнің бірі болу керек. Бет алысымыз, жолымыз бір сияқты» деп ойлаған Санғасыр оған көз қырын да салмай жүре беріпті. Бір мезетте бала:

– Ата, ес біліп, етек жаптыңыз ба? – депті.

Жүз жас жасап, сақалы құдай болған шағында мына сөзді естігеніне шал қатты ыза болады. Шілденің шіліңгір ыстығында сандаған шақырым жолды жаяу жүріп, тілі аузына сыймай түтеп келе жатқанда келеке еткендей болған бала сөзі тіпті долдандырды.

«Сандырақтамай, жөніңе жүр!» – деп қытымырлана зекиді де, тарта береді. Қиырсыз жолды қыбырмен қысқарту қиын-ақ, оның үстіне білмегенін білуге талпынып, жер шарынан ең көп жасаған адамды іздеп шыққан бала тағы да сұрау сұрап:

– Ата, сөз атасы не, жол атасы не, су атасы не? – депті.

Шал жауап берудің орнына тоқтай қалып, бала жігітке алая бір қарайды да, қайта айналып жүре береді. Бүгін шалды мұнан артық қажай берсе, ренжітіп аларына Мерейдің көзі жетеді. Күн ұясына кіріп, жерге қараңғылық үйіріледі. Екеуі бір өзеннің жағасына келіп дамылдайды. Бала жүгіре жүріп шөпшек теріп, от жағып, шалға шай қайнатып беріп:

– Ата, ертеңгі жолды сіз бастайсыз ба, мен бастаймын ба? – дейді.

– Даңғыраған жолдан даңғой адасады. Маған еріп жүре бер, – деп жауап қайырады оған шал.

Таң ата екі жолаушы жолға түседі. Жол бойы жайқалған қалың егіс екен. Бидайдың дәні тегіс бас жарып, сабағы сыбдыр қағып ырғатылып, толқып тұрыпты.

– Ата, мынау желінген астық па, желінбеген астық па? – дейді Мерей.

– Көзіңді шел басып тұр ма, тік тұрғанын көрмей келемісің? – деп ашулана жауап береді шал.

Тағы біраз жүрген соң бұлар жолда бір ауылға кезігеді. Арыстай азаматы өлген қаралы ауыл зар еңірей күңіреніп, мәйіт салынған табытты ауыл сыртындағы зиратқа көтеріп апарып, жерлеп жатады.

– Ата, мына жерленіп жатқан адам өлі ме, тірі ме? – дейді тағы да бала.

Шал жарылып кете жаздап:

– Өзің не оттап тұрсың. Тірі адамды жерлегенді қай атаңнан көрдің? Енді былжырақтан тыйылмасаң, көрсетемін мен саған! – дейді сақал-мұрты дірілдеп.

Ұзақ жүрістен қамшының сабындай болып қалған темір таяғымен жерді нұқып-нұқып қалады. Енді тілдесудің орны да жоқ. Шал үнсіз жылдам жүріске түседі. Бала да қалмай ере береді.

Сан таудан асып, орман-шөл, өзен-су, ой-қырларды басып өтіп, бірнеше күннен кейін шалдың ауылына таянады. Ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына барып, ұзақ сапардан қайта оралған шалды сүйікті қызы мен кемпірі құрақ ұшып қарсы алады. Ызақор шал үйге таяй бергенде баланы «кірме» деп қағып тастаған болатын...



Далаға салынған ескі қара киіздің үстінде ойға батып отырған жігітке сырттағы ошақ басында әкесіне ас дайындап жүрген Гүлбике көзінің қиығымен қарайды.

Мерейдің қайратты қалың шашы, дөңгелек жүзіне келісе біткен ойшыл қара көзі, күлімсіреген жайдары шырайы Гүлбикені өзіне тартады. Оның жүрегі дір ете қалады. Мерейдің аужайын түйген бикеш серпілген сезімі мен көтерілген көңілін тізгіндей түсіп, іштей мынандай тұжырым жасайды: «Үйдегілердің қай-қайсысынан болса да, айпарадай айқын, парықты ісің, өзгеше өмірің арқылы бөлектеніп, менмұндалап отырған бейнеңе қарағанда, сен не кедейдің жалғыз жалқысы, не болмаса әділ де ақкөңіл, адал еңбегімен күнін кешкен жігіттің бірі боларсың. Не ыза мен кек, ақыл мен қайрат кернеген талапкердің бірі боларсың», – деп ой түйеді. Ол нәзік сезіммен еппен тиектеп:

– Тірі жүріп жатырсың ба? – деп тіл қатады.

Мерейді де Гүлбикенің ұзын қара шашы, көрікті бидай өңі, күлімдеген қарақат көзі, қиылған қасы, кішілеу қыр мұрыны, қаймақтай жұқа ерні мен оймақтай аузы еркінен тыс баурап алады. Мерей де Гүлбикеге аздап әзіл тиегін ағытып, лайықты жауап береді.

Далада отырған баланы «Тауып әкелген күйеуі осы ма екен?» деп ойлаған кемпір оны үйге шақырғанда, шал ақырып:

– Қарасын батырсын сүмелек, мылжың! – дейді.

Мерейді іштей ұнатып тұрған қыз үлбіреген жұқа ернін тістеп: «Ой, тәубә, мына әкем сырттағы балаға неге сонша өш, оны сыртынан мылжың деп неге тілдейді? Оның жетім, кедей болғаны мін бе? Өзі өтімді де өткір жігіт екен» деп іштей толғанады. Сөйтіп, әкесінен неге ыза болғанын сұрайды. Шал басынан кешкендерін бастан-аяқ айтып болған соң қыз ерекше қуанышпен әкесін бас салып құшақтай алады.

– Ата, білмегенін білуге талпыну – білімдінің әдеті ғой. «Өз білмегеніңді кісіден сұра, үлкен болмаса, кішіден сұра» дейді емес пе? «Біреу білмегенді біреу біледі. Ақыл жүре-жүріп толады, білім іздегенге қонады» деген. Баланың сізден сұраған сұрақтарының таңқаларлық ғажабы да, селк еткізер үрейі де, ішек қатырар күлкісі де, қалыптан шыққан ағаттығы да жоқ деп шешімін айта бастады: «Ес біліп, етек жидыңыз ба?» деп жұмбақтағаны – «Осынша жасқа келгенше қорытқан ақылыңыз бар ма? Соны айтыңыз» дегені. «Сөз атасы не, жол атасы не, су атасы не?» депті, меніңше:

«Сөз атасы – құлақ, жол атасы – тұяқ, су атасы – бұлақ» емес пе?! «Ертеңгі жолды сіз бастайсыз ба, мен бастаймын ба?» дегені – «Қиырсыз жолды қысқарту үшін әңгіме айтсаңыз» деп өтінгені болар. «Мынау желінген астық па, желінбеген астық па?» дегені – «Осы егушіге бұйыра ма, иемденушіге бұйыра ма?» деп сұрағаны шығар. Жерлеп жатқан адамды «Өлі ме, тірі ме?» дегені – «Жаңалық ашып, артына белгі қалдырған жан ба? Жоқ, құлқынның құлы болып өткен жан ба?» деп сұрағаны ғой, – депті.

Қызының сөзін ұйып тыңдаған шал ақылды жастың алдында өзін кінәлі адамдай сезініпті.

Ол үріккен түйедей далаға жүгіріп шығады да, Мерейдің маңдайынан сүйеді. Балалардың ой-өрісінің тең екендігіне іштей сүйсініп, екеуіне батасын берген екен дейді.

Еңбекқордың есесі түгел



Бай мен кедей көрші болыпты. Кедей еңбекқор екен. Үйінің жанына мал қора салудан қолы бо-самапты. Қора болғанда қандай. Жып-жылы.

– Осы сенің есің ауысқан ба? – деп күліпті достары. – Қора салғаның не? Малың сыймай бара жатыр ма?

Кедей миығынан күліпті де қойыпты.

Сол жылы қыс өте қатты болады. Көрші байдың мыңғырған малы суықтан қырыла бастайды.


Ол еңіреп кедейге келеді де:

– Малдарым қораңда қыстап шықсыншы. Аман шықса, көктемгі төлдері сенікі, – дейді.

Кедей байдың сөзіне келіседі. Сөйтіп, көктем шыға оның қорасы малға толып шыға келіпті.

«Қайратты ерге бақ тұрар», «Еңбекқордың есесі түгел» деген мақалдар осындай еңбекқор адамдарға байланысты айтылған болса керек.

Бала мен қарлығаш



ткен замандарда бір кедей өмір сүріпті. Оның жалғыз ұлы болған екен. Баласы медреседе оқып, әр күні ерте кетіп, кеш келетін көрінеді.

Бірде бала сабақтан келе жатып, жол үстінде ұша алмай жүрген қарлығашты көреді. Жанына келсе, оның бір қанаты сынған екен. Бала ары қуалап, бері қуалап, ақыры, ұстап алады. Қуанышы қойнына сыймай үйіне алып келеді.

Кешке, әкесі жұмыстан қайтқа кезде, алдынан жүгіріп шығып:

– Әке, мен бүгін қарлығаш ұстап алдым. Өзі жуас екен. Жүр, көріңізші, – деп бастап кіріпті.

Құстың бір қанатының сынық екенін көрген әкесі:

– Балам, дұрыс істегенсің. Құс – адамның досы, сондықтан мұны жақсылап күт, – деп қарлығаштың қанатын бір қызыл шүберекпен таңып қояды.

Бала қарлығашты баға беріпті. Күндіз сабаққа кетерде апасына:

– Апа, қарлығаш үйден шығып кетпесін. Есік-терезені бекітіп қойып, су-жем беріңіз, – деп тапсырып кетеді екен. Бірталай уақыт өткен соң қарлығаштың қанаты жазылып, үй ішінде ұшып жүреді. Күн өтіп, ай өтіп, күз болады. Бірде барлығы таңертеңгі шайларын ішіп отырған кезде терезе



ашылып қалып, қарлығаш ұшып кетеді. Оған бала қатты өкініп, жылайды. Тіпті тамақ та ішпейтін болады. Кешке дейін далада жүріп, аспанға қарай береді. Ұшып жүрген құс көрсе:

– Әке, анау менің қарлығашым ба? – деп сұрайды екен.

Әкесі баласын жұбату үшін:

– Балам, сен жылама, қарлығашың келер көктемде қайтып келеді, – депті.

Күн өтіп, ай өтіп, жаз шығыпты. Бір күні таңертең ойда-жоқта бір қарлығаш үйге ұшып кіріп, белағашқа қоныпты. Бала өзінің қарлығашы екенін қанатында байлаулы жүрген қызыл шүберегінен танып:

– Әке, қарлығашым келіпті, қараңызшы! – дейді.

Сол кезде қарлығаш сайрай жөнеледі де, аузынан бір тал нәрсе жерге түседі. Бала оны әкесіне көрсетеді.

– Бұл – қауынның ұрығы. Мен оны егейін, амандық болса күзде жейміз, – дейді де, әкесі ұрықты бақшасына егіп қояды. Біраз уақыт өткеннен кейін қауын өніп, жер бетіне шығады. Мұны көрген бала қатты қуанады. Қарлығаш бұрынғысынша үйдің ішін мекендеп тұрып жатады. Қауын білік тарта бастағанда, баланың әкесі айрықша қарап, тыңайтқыш шашып, мерзімімен суарып отырады. Бір күні бір бас қауын түйін тастайды. Қауын күн санап жетіле береді. Күз болып, қауын келісіп өсіпті. Баласы әкесіне:

– Қауынды қашан үземіз, қашан жейміз? – дей беріпті.

Уақыты болғанда әкесі қауынды үзіп алып, үлкен бір табаққа салыпты да, үстін жауып үйге алып келіпті. Үлкен сары қауынды көрген бала қуанышпен:

– Әке, кесіңізші, – деп жалыныпты.

Әкесі қауынды кессе, іші толған алтын екен. Сөйтіп, әлгі кедей ат басындай алтынға ие болып, бүкіл өміріне, тіпті ұрпақтан-ұрпаққа жететіндей қазынаға батыпты. Енді қайту керек? Алтынды бүтіндей базарға шығарып сатса, оны қайдан алдың деп тексеруі мүмкін. Онда бір пәлеге қаламыз деп бір шетінен аздап кесіп алып, базарға апарып сатып, тұрмысына жаратып жүріпті.

Айлар өтіп, жылдар жылжи береді. Кедейдің тұрмысы тәуірлене бастайды. Жер, су, мал-жанға ие болып, баю жолына түседі. Оның базарға алтын әкеліп сатып жүргенін ел естиді. Тіпті бір кедейдің аяқ астынан байып кеткені сол ортаның патшасының құлағына да тиеді. Патша «кедей алтынға қалай ие болды, мүмкін, менің қазынамнан ұрлаған болар» деген ойға келеді. Дереу жандайшаптарын жіберіп, кедейді шақыртады. Алтынды қайдан алғанын тергейді.

Жауыз патшада әділдік деген қайдан болсын, ақыры, оған алтынын тапсыруды бұйырыпты. Оны қайдан алғанының мән-жайын айтса да, көнбепті.

Қоймай жүріп кедейдің алтынымен қоса мал-мүлкін, қора-жайын өзіне өткізіп алыпты. Кедей қайтадан таршылық көріп, баласымен сергелдең өмір кешіпті. Бірде патша кедейге:

– Бұл шынында да қарлығаштың әкелген қауын ұрығынан өнген алтының болса, маған да бір қауын өндіріп әкеліп бер. Сонда мал-мүлкінді, алтыныңды өзіңе қайтарамын, – депті.

Кедейдің басына ауыр күн туып, әділетсіз заманда барар жер, басар тауы қалмай, өз үйіне келсе, қарлығаш та ұшып кеткен екен.

Кедей баласымен жылап-сықтап бір қысты өткізеді. Жаз қайта оралады. Осы кезде кедей мен баласы қарлығаштың келуін тілейді. Күндердің күнінде қарлығаш ұшып келіп, терезеден кіріп белағашқа қонады. Бала оны көргенде жүрегі тебіреніп, қатты қуанады. Қанатына байлаған қызыл шүберек әлі тұр екен. Біраздан соң қарлығаш сайрай жөнелсе, аузынан тағы бір тал қауын ұрығы жерге түсіпті. Әкесі барып қолына алады да:

– Балам осыны өндіріп, өнген қауынын патшаға беріп, өзіміздің дүниемізді қайтарып алайық, – дейді. Баласы мақұл көреді.

Кедей жігіт қауын ұрығын тағы да бұрынғы жеріне егеді. Күндер өткен соң өніп шығып, білік тартқанда және бір бас түйін салады. Кедей қауынды ала жаздай күтіп, алаңсыз баптайды. Бірнеше мәрте суарып, тыңайтқыш төгіп, жан-тәнімен беріліп қарайды. Күз болып, қауын піскенде кедей жігіт шын ниетімен оны үзіп алып, залым патшаға өзінің ұры еместігін дәлелдеу үшін алып келеді. Патша үйінде екен.

– Тақсыр, өндірген қауынды сізге әкелдім, қабылдағайсыз, – дейді.

– Жарайсың, мен мұны алайын. Бұрынғы алтын, мал-мүлкінді қайтарып ал, – деп масайраған патша жарлық қылады.


Кедей тапсырманы орындап, бұрынғы дүниесін түгелдей қайтарып алады.

Патша маңғазданып, ат басындай сары қауынды көріп: «Іші толған алтын, мен енді зор байлықпен өмір кешетін болдым», – деп қуанады. Уәзірлеріне:

– Ана қауынды жарыңдар, оның іші толған алтын. Оны менің қазынама тапсырыңдар, – деп бұйырады.

Патша өз сарайының төрінде отырады. Уәзірі қауынды әкеліп тіледі. Қауын қақ жарылғанда ирелендеген қара шұбар жылан оқша атылып, патшаның мойнына орала кетеді. Патша табанда жан тапсырады.

Содан былай кедей бақытты өмір кешкен екен. Баласы оқып білім алып, ғалым болыпты. Ал қарлығаш біржолата өз мекеніне ұшып кетіпті.





Еңбекпен тапқан нан



Баяғы өткен заманда бір бай болыпты. Бай қайырымсыз, қатал екен. Қол астындағы жетім бала ала таңнан тұрып ел жатқанша еңбек етсе де, бай жоқтан өзгені сылтауратып, оны қамшының астына ала береді екен. Күндердің күнінде бай баланы базардан күріш алып келуге жұмсайды. Көк базарда не жоқ десеңші! Тәтті тоқаштың иісі мұрын жарады. Самсаған өрік, мейіз, қауын, қарбыз...

Ол базарды ұзақ аралайды. Бір уақытта қожайынының тапсырмасы есіне түседі. Тиісті күрішін сатып алады. Күн де кешкіріп қалыпты.

Бала қала шетіндегі қожайынының үйіне жеткенше асығады. Кенет бір кембағал* бейшара алақанын жайып:

– Балам, қайырым етші, бірнеше күннен бері ашпын, – дейді жалынып. Қайыршыны аяп кеткен бала қолындағы дорбасын бере салады.

Бай балаға:

– Күріш қайда, неге әкелмедің? – деп айғай салады.

Бала міндірлеп, күрішті аш-жалаңаш қайыршыға бергенін түсіндіреді. Бай оны есінен тандыра сабайды да, қамап тастайды.

Бір мезгілден соң бала есін жияды. Айналасы жап-жарық, өзі айдалада жатыр екен. Жанында баяғы қайыршы отыр. Қолында бір дорба күріші бар.

– Тұр, балам, егін егетін уақыт болды, – дейді қайыршы.

– Менің егін егетін жерім жоқ, – дейді бала.

– Мына жерге еге бер, – дейді қайыршы өзен жағасындағы кең алқапты және өгіз жегіліп дайын тұрған соқаны нұсқап.


Бала атып тұрып іске кіріседі. Жер жыртып, күріш егеді. Талмай күтіп, суғарады. Күріш піскенде төкпей-шашпай жинап алады. Сонда баяғы қайыршы:

– Балам, мен сені сынаған едім, одан аман өттің. Саған жолыққан бақ едім, батамды бердім, – депті де, ғайып болыпты.

Сөйтіп, жетім бала маңдай терімен еңбек етіп, өмір бойы жоқшылық көрмей өткен екен.

*кембағал – жарымжан, мүгедек

Ең қымбат байлық



Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл, құйрық жүні ұзын кезде дәл біздің осы күнгі жалқау балалар сияқты сирақ жастар өте көп болыпты. Әдетте жалқаулардың құрғақ уайымға көп салынатын әдеті ғой. Сондай жалқаудың бірі:

– О, Жаратқан ием-ай, жарық дүниеге әдейі әкелген соң дәулеті шалқыған бай етіп жаратсаң етті! Жалғанды жалпағынан басып шалқып өмір сүретін жасымда ішсем тамаққа, кисем киімге жарымай жүрген түрім мынау! – деп уайымдапты.



Оның мұңын естіп қалған бір ақсақал:

– Ей, қарағым, сен несіне қайғырасың? Байлықтың бәрі өзінде тұр ғой, – депті.

Ақсақалдың сөзін мені мазақтағаны деп түсінген жігіт:

– Сіз қайдағы байлықты айтып тұрсыз? – деп ашуланыпты.

Ақсақал ештеңе болмағандай сабыр сақтай отырып:

– Шырағым, сен андағы екі көзіңді маған сатшы. Мен саған қалағаныңша алтын, күміс берейін! – дейді.

Жігіт ашуланып:

– Екі көзден айырылғаннан кейін сіздің алтын, күмісіңіздің керегі не? Ондай байлығың өзіңе!

Ары қарай он екі мүшесіне біртіндеп саудаласып, сұрай бастаған ақсақалға әбден ашуы келген жігіт:

– Ат басындай алтын берсеңіз де ешқайсысын сатпаймын! Өйтіп мүгедек болар жайым жоқ! – деп кесіп тастапты.

Сонда барып ақсақал:

– Е, ендеше адамның ең қымбат байлығы – денінің саулығы. Сен сияқты төрт мүшесі түгел адам – бай адам. Оны ешқандай алтын, күміске айырбастап ала алмайсың! – деген екен.

Еңбекқор мен жалқау немесе нан туралы аңыз



Ертеде бір өрен жастайынан еңбек сүйіп өсіпті. Сол еңбектің арқасында есейе келе қисапсыз береке-байлыққа кенеледі. Дегенмен, ар-ұятты, қанағатты ойлап, дүние-малын азайтудың қамымен халқына қарасып, жиған-тергенін кедей-кепшіктерге үлестіріп беріп отырады екен. Бірақ қора-қора малы азаюдың орнына көбейе беріпті. Бір күні сол елдегі көрген-түйгені мол, ақылгөй қарияның алдына келеді. «Мен не істесем де малым азаймай қойды. Қайтсем керек?» – дейді.

– Түйеге мініп бара жатып нан жей ғой, – деп жауап қайтарыпты қария.

Әлгі еңбекқор жан түйеге мінеді де, нанның ауыр бейнетпен келетінін жастайынан біліп өскен соң байқамай үгіндісін түсіріп алармын деп, алдына орамалын жаяды. Сөйтсе де түйе үстінде шайқалақтап отырғанда нанның бір түйірі жерге түсіп кетеді. «Қап, обал-ай! Несібені, тірлік көзін аяқ асты етіп, күнә арқаламасам қайтсін? Балаларыма кесірім тиетін болды-ау!» деп зар илейді. Сол арада түйеден түсе қалып іздейді. Қалың шөп арасынан іздегені көзге түспейді. Оның үстіне қас қарайып қалған уақыт. Содан ертең асықпай қарармын деген ойменен бір таяқты шаншып, үйіне қайтыпты. Ертеңіне келсе, кешегі жыңғыл таяғы бір құмыра алтын болып тұр екен. Бұған ол айран-асыр қалып, басынан кешкенін ел-жұртына айтып келеді. Мұны естіген бір көк жалқау жарты күлше нан алады да, түйеге мініп жолға шығады. Жолға шыққасын нан үгіндісін әдейі түсіріп іздеген болады. Бұлдағы таба алмай, таяқ шаншып кетеді. Ертеңіне жалқау бір құмыра алтын алып қайта қояйын деп әлгі жерге келсе, шаншып қойған таяғы үлкен қара сұр жылан болып өзіне ұмтылыпты. Білетіндер «Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле!» деген сөз сол заманнан қалыпты деседі.



Жазмыштан озмыш жоқ



Баяғыда Теріскей өңірінде мыңғырған малы бар бай кісі болыпты. Ол кемеліне кеп, асып-тасып тұрған шағында балаларын шақырып алып:

– Егер мен ажалым жетіп, көз жұма қалғандай болсам, қалай аттандырар едіңдер? – деп сұрапты. Тұңғышы мен ортаншы ұлы тұрып:

– Көке, о не дегеніңіз? Жамандық шақыра көрмеңіз! Біз бар емеспіз бе?! Ал егер олай бола қалса, «өйтеміз де, бүйтеміз», – деп күпілдепті кеп.

Екі ұлын тыңдап боп, бай:


– Е, сендердің ниеттерің мәлім болды! – депті де, оларды шығарып жіберіп, дәл сол сауалын кенже ұлына қойыпты. Кенже баласы ұзақ ойланып:

– «Жазмыштан озмыш жоқ» деген. Е, әке, оны сенің қалай өлмегің, менің қалай көмбегім біледі де, – деген екен.

Әлгі бай үш баласының да ойын біліп алған соң, тұңғышы мен ортаншысына енші бөліп беріпті де, өзі кенжесінің қолында қалыпты.

Сонан, күндердің күнінде үргін де сүргін қым-қуыт заман боп, қалың ел ата қонысын тастап, өзге жұртқа үдере көшпті. Жан сауғалап босқан елдің ішінде байдың кенже ұлының үй-орманы да бар екен. Ал бұл байдың сексен-тоқсанға кеп, қаусаған шал болған кезі көрінеді. Кәріліктің салдарынан шал жол азабына шыдамай, құла түздегі құм ішінде жан тәсілім етіпті.

Шыжыған аптапта байдың кенже ұлы басқа еш амал таба алмаған соң: «Е, жан көке, Сізге бұйырғаны, міне, осы болды!» деп, әкесінің сүйегін айдаладағы құмның ішіне жападан-жалғыз қалдырған екен... Ал, тұңғышы мен ортаншы ұлынан байға тым болмаса бір уыс топырақ та бұйырмапты.





Сексен өтірік



ар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Ерте, ерте, ертеде, ертегі өткен заманда, халықты хан билепті, халық ханнан зар илепті. Хан бүлік бопты, хан еріксе, халық ойыншық болыпты... Нақ осы айтқанның өзіндей хан, ұстараның жүзіндей хан, қаны тасып еріккен хан, шарап ішіп желіккен хан халқына жар салыпты:

– Кімде-кім алдыма келіп кідірмей, мүдірмей, қырық өтірік әңгіме құрастырып айтып өтсе және артынан қырық ауыз өтірік өлең айтса, сол адамның төбесінен төмен қарай алтын құямын, бүкіл өміріне жететін байлықты мал-мүлкімнен бөліп беремін. Қаласа, қызымды беріп күйеу қып, қасыма уәзір етіп отырғызамын. Бірақ мынадай сертім бар: егер әңгімесінің, я өлеңінің ішіне бір ауыз да болса, ақиқат сөз қосылса, тоқтаусыз дарға тартқызамын! – депті.

Ханның бұл хабары ел арасына тарап, жұрттың құлағына тегіс тиген соң, «үмітсіз шайтан» деп, әркімнің-ақ арқасы қозып, иегі қышиды. Небір аузы аузына жұқпаған сәйгүлік шешендер, талай ақындар ханның алтынынан үміттеніп: «Ой, айтпай несі бар?» деп ханның алдына барып, қиыстырып айта алмай, келістіріп сөйлей алмай күнәсіз дарға тартылыпты. Кейбіреулер айтармын-ақ деп құлшынып келсе де, қаһарлы ханды, қанға боялып тұрған дарды көргенде ақылынан адасып, есінен танып, үрейі ұшып, сырттан қайтып кетіпті. Сертін орындай алмай күнәсізден күнәсіз ханның ойыншығы болып дарға тартылып өлгендерден ханның сарайы қан сасыпты.

Жұрттың ең соңынан кедейліктен әбден сіңірі шыққан, мойны ырғайдай, биті торғайдай, өмірінде жарып ас ішіп, жақсы киім кимеген, жарлылықтан мін жоқ, үсті-басы пәре-пәре, аяғы тілінген, алақаны жарылған, көзі аларған, ерні кезерген бір жетім бала келіпті. Есік алдында отырған жұрт:

– Жаным-ау, жауқазындай жас бала көрінесің, сенен естияр нендей шешендер, нендей ділмарлар айтамын деп келіп, айта алмай, босқа өлгендердің есебі жоқ. Жарқыным, тумай жатып өмірден орын таппай өлуге асығып жүрген неғылған баласың? Ізіңше еліңе қайт, тілімізді ала ғой, – деседі.

Бірақ бала көнбейді. Хан сарайына кіріп, ханның алдына келіп алдиярлап бас иіп, тізе бүгеді. Сонда хан:

– Е, не арызың бар? – деп сұрайды.

– Тақсыр, жарлығыңызды естіп, өтірік әңгіме мен өтірік өлең айтқалы келіп тұрмын, – дейді.

Хан миығынан күліп, мысқылдап, баланы көзіне ілмей:

– Үлкендердің қолынан келмеген іс сенің қолыңнан қалай келсін? Қыршыныңнан қиылып кетесің ғой, – дейді.

– Тақсыр, сол көптен менің жаным ардақты ма? Айта алмасам, өз обалым өзіме, ұлықсат етіңіз, – дейді.

– Ал, ендеше сөйлей ғой, – дейді хан. Жетім бала сөйлеп ала жөнеледі:

– Тақсыр, әкемнің белінде, шешемнің құрсағында жүрген кезімде, әкемнің әкесінің жылқыларын он бес жыл бағыппын. Алған ақыма қалың беріп, қатын алыптын. Бесті-алтылы бала сүйіппін. Сол қатынымнан туған балаларымның қолымдағы кенжесі осы уақытта жиырманның бесеуінде, өзімнен он жас үлкен. Жаздың сарша тамызында, бір қайнап тұрған ыстық күні жылқымды суарайын деп құрық үстіне құрық салып, жау тигендей қуалап жөнелдім.

Айдын шалқар бір құдыққа келсем, тақсыр-ай, күннің ыстығын сонан білерсіз – құдықтың суы қалыңдығы кісі бойы қол ұсыным мұз болып қатыпты. Жалма-жан суат оя қояйын деп ат үстінде тұрып, балтамен олай шапқыладым, бұлай шапқыладым – ойылмады. Балтамның жүзі жапырылып қалды. Балтамды қойныма салып қойып, сүйменімді қолыма алып, олай түйгіштедім, бұлай түйгіштедім – болмады. Сүйменім майысып қалды. Енді не қыламын деп дағдарып тұр едім – бір амал ойыма түсе қалды.

Дереу кеңірдегімнен ұстап, басымды кеудемнен жұлып алып, шекеммен ақырын ғана мұзды бір нұқып қалып едім, тақсыр-ай, бірі өтірік болмасын, мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды. Менің бағыма құдықтың суы зәрдей ащы шығып, сонда да жылқым талғамай ішіп, іші сырты бірдей болып, қарны қампиды да қалды. Онан соң жылқыларымды көк мұзда жарып шыққан сары балауса мен көк жоңышқаға матап салып, санамай, түстемей түгендегенімде, алты құлаш ала биеден туған жеті құлаш жирен құлын жылқының ішінде де, сыртында да жоқ болып шықты.

Ұры алғанын да білмедім, пері алғанын да білмедім. Әрі-бері қарап тауып ала қояйын деп жалма-жан құрығымды мұзға шанша салып, басына шығып төңірекке көз жіберіп едім, көрінбеді. Құрығым аласа болған

шығар деп, құрықтың басына пышағымды шаншып, оған шығып қарап едім – тағы көрінбеді. Пышағымның басына қынымды шаншып, оған шығып қарап едім – мұнда да көрінбеді.

Көңілім әлі биіктеуде болып, қамшымды шаншып, тағы биіктеттім. Оған да шығып қарап едім, жау алғыр тағы көрінбеді. Енді не жалғаймын деп көзімді жұмып, ойға қалып тұрғанымда қалт есіме түсе қалды.

Тілімнің астына салып жүрген тебен инем бар екен, қуанғанымнан соны ала салып, қамшының басына шаншып және шығып, көзімді адырайтып қарап едім және көре алмадым. Әбден дағдарған соң құрығымнан: «Апырмай, енді не жалғайын, ақылың болса – айтшы» деп ақыл сұрадым. Ол антұрғанның жатып тұрып өзімді сөккені ғой. Сөккенде не дейді?

– Ит болмасаң, айналып-айналып жерге қарай бергенше, көзіңді шарт жұмып, аспан жаққа қарасаң болмас па еді? – дегені ғой.



– Ойбай-ау, аспанды бұлт басып тұрғанын көрмейсің бе? – деп едім, онан жаман балағаттап: – Антұрған-ау, қолың жоқ па еді? Бұлттың әрісін – әрі, берісін – бері серпіп жіберсең болмас па еді? – деді.

Ойлап тұрсам, оның сөзі жөн екен. Дереву қолымды созып жіберіп, бұлттың былайғысын былай, олайғысын олай сыпырып жібергенімде, күннің көзі жарқырап шайдай ашылды да қалды. Көзімді шарт жұмып, аспанға қарағанымда – тамаша, мұнан артық не болсын? Темірқазықтың ар жағында, Шолпан жұлдыздың бер жағында, Қап тауының етегінде, бір бәйтеректің бұтағына шығып құлындап, құлынын емізіп тұрғаны көзіме жарқ ете түсті. Қатыным ұл тапқандай қуанып, құрығымның басында тұрып секіре беріппін. Жалма-жан құрығымды қайық қылып, пышағымды ескек қылып, теңізге түсе қалып едім – шым батып барамын. Дереву пышағымды қайық қылып, құрығымды ескек қылып түсе қалғанымда, кірпік қаққанша сыр етіп теңізден өте шықтым.

Жирен құлынға міне салып, жас құлынды алдыма өңгеріп, теңізге түсе қалғанымда, жануардың сушылы-ай, көзді ашып-жұмғанша теңіздің бетімен де емес, түбімен де емес, ортасымен де емес, сыр етіп өте шықтым.

«Жылқыға келген соң жүріс алған неме тағы бошалап кетіп әуре қылып жүре ме» деп енесін құлынына, құлынды айғырдың құйрығына байлап, жылқыға қоспай далаға айдап қоя бердім.

Бір уақытта айдын мұздың үстінде қарап тұрсам, бітпеген қу тобылғының түбінде тумаған бір ту қоян жатыр екен. Жалма-жан садағымды алып, оғымның масақ жағымен аттым, өтпеді. Масақ жағын кіріске қойып,

кер жағымен тартқанымда жұлдыздай ағып өтті де кетті. Асығып-үсігіп, атымды бір қу қазыққа бай-

лай салып, етегіме тезек тере бердім. Бір уақытта қарасам, атым

өз-өзінен ер-тоқымын бауырына алып, тас-талқан болып, үркіп-ту-

лап жүр екен. Етегімдегі тезегімді төге салып, атыма қарай жүгірейін

десем, сұмдық-ай, манадан бері тезек деп тергенімнің бәрі бөдене

екен, пыр-пыр етіп алды-алдына ұшты да кетті.



Манағы қу қазық деп атымды байлағаным аққудың мойны екен. Соның серпіген қанатынан үркіп, атымның тулап жүргені де сол екен. Атымды ұстап алып, манағы тебен инемді қазық қылып, басымды тоқпақ қылып, жерге қағып жіберіп, атымды соған байлап қойып «уһ!» деп демімді алдым. Атып алған қоянымды сояйын десем, қынымда пышағым жоқ. «Апыр-ау, қайда қалды?» деп ойға қалып тұрғанымда, үш күн, үш түнде барып есіме түсе қалды, баяғы құрығымның басына шанышқан бойымен сонда ұмытылып қалған екен.

Соған қайта баруға еріндім де, күрек тісімнің біреуін суырып алып, сонымен соя бердім. Қашаннан өзімнің мал сойғыштығыма салып жедеғабыл* қимылдап, қоянды үш күнде сойып болдым. Оның етін қақтап, тұздап енді майын ерітіп алайын деп, бір бүтін қазанға салып еріткенімде, менің сорыма май ағып тұрмады. Дереу бүтін қазанды тастай салып, бір тесік қазанға салып едім, тақсыр-ай, мұндай қызықты көріп пе едіңіз, бір тамшы тамбай тұра қалды.

Еріген майды бір ыдысқа қотарғанымда, бір түйе қарнына, бір өгіз қарнына, бір борсық қарнына әрең-әрең сыйғыздым. «Бұл титтей май қай күніме жарайды? Онан да етігімді майлап алғаным олжа шығар», – деп бас салып майлағанымда, бір етігімнің жұлығына зорға жетті. Қонышына жетпеді. Анау етігім мүлдем ауыз тиместен қалды. «Ер еңбегіне бір тойсын» деген бір сөз бар еді-ау деп қоянның бір кесек етін қолыммен өрі-бері күн көзіне ұстап пісіріп аузыма салайын деп апарғанымда, сұмдық-ай, аузым орнында жоқ.

Жүрегім мұздай болып, «апырай, аузым қайда?» деп қайта-қайта бетімді сипаласам, аузым жоқ дегенім ойыншық екен, солайымен кеудем де, басым да жоқ екен. Тақсыр-ай, сондағы қорыққаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді. «Апырмай, бассыз қалай күн көремін?» деп алақанымды маңдайыма қойып, ойға батып тұрғанымда, біреу иығымнан тартып:

– Әке, мынау басты танысың ба? – деді. Байқап қарасам – өзімнің басым, тауып әкеліп тұрған – өзімнің балам.


– Шырағым, мұны қайдан таптың? – деп сұрағанымда:

– Суат ойған жеріңде жатыр екен, сенің басың екенін танып әкелдім, – деді.

Тақсыр-ай, сондағы қуанғаным әлі есімнен кеткен жоқ. «Көп жаса, бай бол, үбірлі-шүбірлі бол», – деп балама бата беріп, алғыс айттым. Көптен

*жедеғабыл – іле-шала, тез-тез





ұйқы көрмей сергелдең боп жүрген байғұс басым, сол мезгілде ұйқы қыстап қалғымаймын ба? Мұзды төсек, қарды жамылғы қылып жата қалсам, төсектің жылылығына бұйығып, өлген адамдай ұйықтаппын да қалыппын. Түн ортасы болған кезде бір нәрсенің сартсұрт еткен дыбысынан шошып ояндым. Қарасам, екі

етігім жұдырықтасып, қызыл ала қан болып төбелесіп жатыр.

– Бөтір-ау, бұларың қалай? – деп сұрағанымда май жағылмаған етігім жыламсырап:

– Қайтейін, май біткеннің бәрін анау жалмауызың ішіп қойды, маған ауыз да тигізген жоқ, – деді. Екінші етігім анау етігіме тап беріп:

– Өзіңнің кем несібелілігіңнен көрмей, майдың жетпегенін менен көргенің сасқаның ба? – деді.

Ашуымның әбден келгені емес пе? Маңдайларынан бір-бір шертіп, екеуін екі жағыма қойып жата бердім. Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр май жағылмаған етігім өкпелеп, түнде қашыпты да кетіпті.

«Алда, жүгірмек-ай», – деп екі аяғымды бір етікке тығып алып, ізіне түсіп қуа бердім. Айдан-айлар жүрдім, зорығып астымдағы атым өлді. Жылдан-жылдар жүрдім, етігімнің күйігінен іші жанып, үйімде қатыным өлді. Бір күндерде өгіздің желкесіндегі жауырынына қауын егіп, пісіріп

отырған бір егіншіге кез келдім. Егінші бишара бір піскен қауынды алдыма қойып:

– Жарқыным, пышағың бар екен, өзің жарып жей ғой, – деді. Кездігімді суырып алып, қауынға салып қалғанымда, шіркіннің жетесі босап жүр екен, темір тегі суырылып, қауынның ішіне түсті де кетті. – Қап, жолым қырсығып жүрген бейбақ едім, бұ да соның салдары ғой, – дедім де:

– Бала күннен бірге өсіп, біте қайнаған замандасым еді, қалай көзім қиып тастап кетемін, – деп қауынның ішіне сүңгіп кірдім де кеттім. Ал ізде, мен бармаған тау да, тас та қалмады. Апта болды-ау дегенде маған ұқсап жоқ қарап сандалып жүрген бір жоқшыға кез болдым. Жоғымның түсін-түгін, ен-таңбасын айтып сұрап едім, Құдай соққан неменің «тфу» деп былш еткізіп, бетіме түкіріп жібергені ғой.

– Ау, жының бар ма? Неге түкіресің? Мен жоқ сұрап тұрмын ғой, – дедім. Ол да бір шытынаған неме екен, менен қалыспады.

Ақыраңдап:

– Жынды демей не дейін, мен бір айдан бері атымды зорықтырып, бір айғыр үйір қысырағымды таба алмай жүргенімде сен төрт еліге толмайтын темір-терсекті іздейсің, – дегені.

Мұның бұл сөзіне шыдай алмай, сол жерде жаттым да төбелестім. Қан болмаған жеріміз, жұлынбаған сақалымыз қалмады. Ақырында, оның да, менің де сілеміз құрып, шаршаған соң екеуміз де төбелесті қойдық. Бір-бірімізден насыбай атысып, жөн-жөнімізге кете бердік.

Бір күндерде ас беріп жатқан ұлы жиын қалың елдің үстінен шықтым. Жақсы болды ғой, осы жиыннан етігіме де, кездігіме де сұрау салайыншы деп, ошақты жағалап келе жатқанымда, аста табақ тартып жүрген баяғы қашқан етігім анадайдан көзіме оттай басылды. Қатыным бөпе тапқандай қуанып секіре беріппін. Етігімнің де көзі мені шалып қалып, ұялғанынан қып-қызыл болып, қолындағы көтерген әйдік табақ қазы-қарта, жал-жаяны әкеліп:

– Кешегі маған жағуға қимаған майың осы ма еді? – деп алдыма сарт еткізіп қоя салды.

– Пай, пай, тақсыр-ай, сондағы ұялғаным өмірімде есімнен кетер емес. Мінекей, тақсыр, туғаннан бергі жердегі басымнан өткен істер осы, – деп, бала әңгімесін бітірді.



Баланың қиыстырып бір ауыз да шын сөз араластырмай айтып сүрінбегеніне хан таң қалып:

– Қане, бала, енді өтірік өлеңіңді айтшы! – депті.

Сонда бала өлеңін судырата жөнеледі:

Қайныма қарға мініп ұрын бардым,
Күйеуден өзім қатар бұрын бардым.
Айғырын шегірткенің ұстап мініп,
Алдында қайын атамның қырындадым.*

*Жүк артып инелікке ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.*

*Міндім де сасық қоңыз аяңдадым,
Болдыртып аяңыммен қоян алдым.
Япырым ай, сол қоянның семізін-ай,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым.*


*Міндім де жасыл қоңыз сона құдым,
Басынан мұнар төбе сағым будым.
Дәулеттің маған біткен арқасында,
Қанменен көйлегімнің кірін жудым.*

*Үш жаста мергеншілік кәсіп қылдым,
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай жүз тұсақтан сатып тұрдым.*



*ұрын бару – күйеу жігіт жеңгелеріне сый-сияпат алып, айттырған қыздың аулына жасырын келуі





*Балықтың қабырғасын отқа жақтым,
Өтірік өлең айтып жұртқа жақтым.
Бір сонам асыранды қашып кетіп,
Меккеден он жыл іздеп әзер таптым.*

*Ақылдан ер жеткен соң болдым жарым,
Бір суыр мал дегенде қолда барым.
Қатыным тел* қоянды жаздай сауып,
Түйреді сары майды екі қарын.*

*Беріпті бақа қызын көбелекке,
Жүріпті қара шыбын жеңгелікке.
Бір туын құмырсқаның ұстап сойып,
Той қылып, ат шаптырып төңірекке.*

*Міндім де сары қоңыз сона құдым,
Үш жұма, үш ай жүріп қона құдым.
Қумасқа белді байлап тұрып едім,
Дегенге жеңгем жерік бола құдым.*

*Бай болдым төрт түлікке тумай жатып,
Балама қалың бердім бәрін сатып.
Білімін мал жинаудың ерте біліп,
Сондықтан кедейлікке қалдым батып.*

*Байлықтан ыза шектім ақырында,
Бір түйір мал болмады жақынымда.
Малымның бәрін жинап отқа жағып,
Отырмын кедейліктің тақырында.*

*Қамыстан жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым.
Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.*

Жиынға, салтанатқа кидім құрым,
Қытықтап зорға айтқыздым ханның сырын.
Келгенде қалыңдығым сексен төртке,
Қайныма бес жасымда бардым ұрын.*

*Жүз салған қорғасыннан қара балтам,
Шықпады он матадан сыңар қалтам.
Дәулеттің маған біткен арқасында,
Көшкенде жүз түлкіге жүгімді артам.*

*тел – қос

*құрым – күн қақтап, ыс сіңіп қарайған киіз



Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең, аттың мүлкі.
Ішінде топ адамның тулап жығып,
Қылдың-ау, ойбай, қарсақ, жұртқа күлкі.

Арасын жырып қостым сыр қуаңның*,
Масықтым елін билеп бес дуанның.
Екі жүз құнан қойым егіз тауып,
Осыған нанар болсаң көп қуандым.

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
Қан түсіп аяғыма ала жаздай.

Тамырға өтірікті қап қап бердім,
Найзасын нән қамысқа саптап бердім.
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
Түлкіге төсте қашқан тап-тап бердім.

Басынан қап тауының қора қылдым,
Бітер деп бес мың жылқы жора* қылдым.



*қуаң – ылғалы тапшы, шөл-шөлейтті дала

*жора – жолдас



*Топан су тау басына дамыл бермей,
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.
Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті,
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті,
Мың кісі бір тышқанға мінгескенде,
Апыр-ай, тулап бәрін өлтіріпті.*

*Мен өзім кішкенедең қарға бақтым,
Қашырмай сол қарғаны зорға бақтым.
Біреуі жануардың үздік шығып,
Мойнына ақ киізден тұмар тақтым.*



*Басында керегенің үрген қарын,
Көтердім балуандықпен соның бәрін.
Түйеге төстеп барып қойғанымда,
Мертікті көтере алмай қара нарым.*

Мизамның сілемейін желі қылдым,
Шымшықтың жұмыртқасын келі қылдым.
Қамыстан сегіз қанат үй істетіп,
Жонынан кесірткенің көгін тілдім.*

*Шымшықтың шылым шектім бақайынан.
Қоянның атым үрікті топайынан*.
Баланың ақылы артық, ойы жетік.
Көр тышқан етік қылдым шоқайынан.*

*Басына бәйтеректің тіктім орда,
Көк орай шалғын екен қорда-қорда.
Қос атпен күні-түні бірдей қуып,
Қашаған бір битімді тұттым зорға.*

*Мен өзім өтіріктен пайда еткенмін,
Биялай бит терісін қалта еткенмін.
Етіне бір шіркейдің қазан толмай,
Соймасқа қайтып шіркей ант еткенмін.*

*Мыс егіп көбік қарға, алтын ордым,
Ізіне әбжыланның қақпан құрдым.
Шегірткем мініп жүрген тулап еді,
Жалғыз тал, қыл қамшыммен өлгенше ұрдым.*

Түгестім саптыаяқпен Сырдың суын,
Он нарға артып жүрмін қыздың буын.
Еншіге әкем берген мың қоянның,
Соғымға қырып алдым барлық туын.*

*Тілімнің келмейді ебі өтірікке,
Тақсыр-ау, осыным да өтірік пе?
Қырық байтал қалың малға санап алып,
Қыз бердім отау тігіп кекілікке.*



*мизам – өсімдік ұлпасынан пайда болатын, өрмекшінің торы сияқты ақ талшық

*топай – жылқының бақайшақ сүйегі

*саптыаяқ – ағаштан шауып жасалған аяқ, ыдыс

*Биені қымыз іштім мұзға байлап,
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл жайлап.
Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап.*

*Отыным жазғы жаққан мұздап болды.
Салымым сексендегі қыздан болды.
Былтырғы жерошаққа жаққан отым,
Тұтанып зорға биыл қызған болды.*

*Сауысқан алып ұшты бөлтірікті,
Айтпаймын қыз берсең де өтірікті.
Шіркіннің тепкісінің қаттысын-ай,
Бір қызды шыбын теуіп өлтіріпті.*

*Шаянның шаңырақтай омыртқасы,
Көнектей көлбақаның жұмыртқасы.
Болмаған енді шындық несі қалды,
Түбінен жау қияқтың* ердің қасы*.*

*Жонынан атжалманның айыл алдым,
Үш жөргем* ішін жарып майын алдым.*

*қияқ – сабағы жіңішке, жапырақтары таспа тәрізді ұзын болып келген шөп

*қасы – ердің алдыңғы басы мен артқы басы

*жөргем – будақтап өрілген ішек



*Ізіне аттың басқан қақ тұрыпты,
Қырық құлаш қармақ салып жайын алдым.*

Қошқардың қағанақтан күйегі* бар,
Шідердің* мұздан жонған тиегі* бар.
Тақсыр-ау, осыған да нанбаймысың?
Қырық арба бір қаншырдың* сүйегі бар.*

*Шымшықтың шылым шектім қу басынан,
Атжалман арқан естім шудасынан.
Қырық қарға, отыз сона құда түсіп,
Инелік киіт киіпті құдасынан.*

*Серік боп құрқылтаймен қылдым сауда,
Айналды серіктіктің арты дауға.
Борсыққа жарап жүрген міне шауып,
Ұрандап бір бүйірден тидім жауға.*

*Дарияға тоған соқтым ебелектеп,
Жаратып қасқыр құдым көбелекпен.
Жығылып таскенеден мойны үзіліп,
Бір кемпір ә дегенше өле кеткен.*

*Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Борышыма қатынымды кіре* қойдым.
Жүрегін құрқылтайдың төрт бөліп жеп,
Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.*

*Сауысқан әбден асты аққуды іліп,
Елімді қызғыш шауып, салды бүлік.
Қақалып кеше кешке жеген етке
Қолқамда бес жыл тұрды кәрі жілік.
Көкке шықтым қоянды ерттеп мініп,
Кім айтар, мұның бәрі құр өтірік.*

Баланың әңгімесі де, өлеңі де бір ауыз шын сөз қосылмай айтылғандықтан хан жеңіліпті. Айтқан уәдесін орындап, байлығының жартысын беріп, қызын қосыпты. Бала осылай мұратына жетіпті.

*қағанақ – малдың іште жатқан төлін қоршап тұратын, түссіз жұқа қабық

*күйек – қошқардың беліне байлайтын арнаулы киіз


*шідер – аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы аяғын қосып салынатын тұсау

*тиек – шідердің артқы аяққа салатын ұшындағы бекітіп қоятын кішкене дәйекше

*қаншыр – далалы жерде тіршілік ететін, кішірек келген сұр түсті құс

*кіре – көне кездегі төлемақы

Медебай батыр мен Ақшолақ арлан



Ертеректе Көкше өңірінде атығай елінің Тасым есімді ауқатты кісісі өмір сүріпті. Ақ жарқын, арқа басы кең, серілеу адамның ата дәулеті шайқалмай, жылдан-жылға өрісі кеңейе берсе керек. Күндердің бір күнінде Тасымның басына да бір зауал шақ* туыпты. Қоскөлдін тұсынан бір ақшолақ арлан қасқыр шығып, біраз жылқысын қырып кетіпті. Жалғыз өзі үйірлі қасқырдың әрекетін жасаған. Бір емес бірнеше рет, белгілі бір күнде, белгілі бір уақытта соғатын көрінеді. Үлкендігі тайыншадай, шоқтығының* биіктігі аттың алқымынан келетін ақшолақты соғып алуға ешкімнің батылы бармапты.

Бір күні, тіпті тал түсте тап беріп, ауыл іргесінде жатқан жылқыны додаға түскен серкедей бөлшектейді. Жылқышылар сойылдарын көтеріп, «аттандап» келсе, ту биені буын бұрқыратып алмас қанжардай өткір тістерімен жарып жатыр екен. Тұсына келіп қалған бір топ адамды көрсе де, жемін тастамай, көздерінен ызғарлы ұшқын шашып, ырылдап тұра беріпті.

Талай көкжалды бөктерген тақымды жігіттер батылы бармай, сойыл соғар жерге жақындай алмайды. Қандай жыртқыш болса да, адам алдында қаймығып, жеміне ауыз салмаушы еді. Ал мынау топ адамның көзінше биенің жұмсақ бауырын бір-ақ қылғытып, жөніне жортып кетіпті.

Жылқышылар осы көргендерін Тасым байға жеткізеді. Ол шағалақ керейдегі батыр жігіт Медебайға ат шаптырып, салмақ салады.

– Маған осы қасқырды соғып әкеліп берсін, ақысына қысырақтың* бір үйірін алсын, – дейді.

Медебай батыр кедейден шыққан жалаңтөс, нар тұлғалы адам екен. Екі иығы түйенің қос өркешіндей бөлек біткен, кең кеуделі апайтөс, қапсағай болса керек. «Қан шығады» деп барымтаға түспей, бай ағайындарымен араздасып, өз еңбегімен күн көріп, аң аулауды кәсіп қылған екен.

Тасым байдың әділдігін ерекше құрметтеп сыйлайтын батыр атаққа құмар болмаса да, үлкеннің сөзін жықпай, келісімін береді. Бауырынан жараған, бура санды биік көк тұлпарын баптай бастайды.

*зауал шақ – басына қиын-қыстау күн туған кез

*шоқтық – малдың екі иығының түйіскен тұсы, иықтық

*қысырақ – қысыр қалып құлындамаған жас байтал не бие

Қансонарда қасына топ жігіт ертіп, Медебай ақшолақты аулауға шығады. Үш күн күтіп, төртінші күні ауыл шетіндегі жылқыға шауып, қысырдың асау тайын жаңа ғана жарайын деп жатқанда, үстінен түседі. Аңшылар

Медебайды бас қылып «аттандап» шауып береді. Көкжал мына топтың ерекше екпінін сезіп, жылыстап жөнеледі. Бірте-бірте шоқыраққа* салып, бара-бара бөкен шабысқа басып, ұзай береді. Соңынан түскен топтың да бауыры жазылып, арасы сөгіле бастайды. Дүбірдің даусы бәсеңдесе де, ерекше бір екпінді, жігерлі дүрсіл өкшелеп келе жатқанын сезген қасқыр шабысын үдете беріпті. Бір көш жерден соң өзгелердің аттары болдырып, ақырындап қала береді. Енді қасқырдың соңынан Медебай жалғыз қуады.

Бұл қуғын ұзақты күнге созылады. Талай аңды құтқармай, қансонарда, қатқақ шоқалақта арқар соққан, аң соңынан түсуге




*шоқырақ – қатты шаппай, шоқыта, желе жүру

өбден әдістеніп алған көк ат қанша өршелене ұмтылса да, қасқырға жете алмапты. Жолда кездескен Шорман ауылына тоқтап, байдың Бәйгеторы деген атына ауысып мінеді. «Жау келгенін жауға мінетін ат біледі» дегендей, Бәйгеторы да тыпыршып тұр екен. Батырдың үстіне лып етіп мінгені сол екен, аузымен құс тістеген жануар өне-міне дегенше екі-үш қыр асып кеткен қасқырға жетіп келеді. Күні бойы соңына түскен қуғын өбден қалжыратқан бөрі ендігі жерде құтылмасын сезіп, тілі салақтап, жол жиегіне жата кетіпті.

Қасқыр адамға қарсы екі жағдайда шабады: не ажалына шабады, не жауына жер қаптырарға қарсы ұмтылады. Күні бойы үздіксіз шауып болдырған бөрі шаршағанын ұмытып, Медебайға қарсы жолбарысша атылады. Тісіне іліккен тері шалбардың оң балағын жұлып алған екен. Медебай тақымының мықтылығынан аман қалыпты. Ат екпінімен өтіп кетіп, қайта оралған батыр бұл жолы қапы қалмапты, үзбелі шоқпармен қасқырдың ең жанды жері – тұмсығынан дәл періп, аяғын аспаннан келтіреді. Сойған кезде байқайды – әлгі қасқырдың бір-ақ ішегі бар екен. Қанша шапса да болдырмайтындығы сондықтан көрінеді. Атқа өңгеріп салғанда терісінің екі ұшы жерге тиген екен.

Сөйтіп, қасқырдың ерек туған бірегейі – бірішекті арланды соғып, Медебайдың даңқы елден елге жайылыпты.

Еңбек пен безгек

 аяғы бір заманда безгек ауруы адамдарды сынамақ боп жолға шығады. Келе жатып жер жыртып жүрген адамға кез болады. Келе оны әурелеуге кіріседі. Бірақ басын ауыртқанымен, жұмыс істеп терлеп жүрген адамға ештеңе істей алмайды. Диқан қатты ауырып тұрса да, жұмысын тоқтатпай, бітіре салайын деп жалғастыра береді. Ауруға берілмейді. Безгек оны жеңе алмасын біліп, сапарын одан әрі жалғастырады.

Ұзақ жүргеннен кейін құдықтан су тартып, мал суарып жатқан малшыға келеді. Келген бетте оның да мазасын алады. Малшы бала ауырғанына қарар емес. Үсті-басы терге малынып, жанталасып, су шығарумен болады.

Безгек біраз айналшықтап, ештеңе шығара алмасын білген соң, тағы да жолға шығады. Сонымен не керек, жүре-жүре әбден титықтаған шағында алыстан екі-үш ақ боз үй көрінеді. Жақындап келсе, бұл бір жуан қарын байдың үйі екен. Безгек келе жабыса кетеді. Басы ауырып, тоңған бай бәйбішесіне айқай сап:

– Ойбай, бәйбіше, төсек сал. Басым ауырып, алып барады. От жақ, тоңып өлгелі отырмын, – деп тісі-тісіне тимей сақылдайды.

Бәйбішесі отағасын төсекке жатқызып, үстіне қалыңдап көрпе жауып бәйек болады. Бірақ ол күйеуін әлпештей жүріп ауруға да жағдай жасағанын білген жоқ еді. Бай сол жатқаннан қайтып орнынан тұра алмайды.

«Қайраты бар кісінің ауруменен ісі жоқ» деген осы.



Атымтай жомарт



тымтайдың ата-анасының азан шақырып қойған есімі – Атым екен. Тай шаһарында туып-өскендіктен «тай» сөзі жалғанып, Атымтай атаныпты. Өзі әрі есепсіз бай, әрі қолы ашық мәрт, жомарт кісі болыпты. Осындай мырзалық мінезіне орай ел ішінде айтылатын әңгімелерде Атымтай жомарт атанып кеткен екен.

Тай шаһарына жақын маңда түлкідей қу бір адам болыпты. Бірде ол Атымтайдан қарызға жүз ділдә сұрап келеді. Жомарт оның аты-жөнін білмесе де, сұрағанын беріп жібереді. Тай шаһарынан ұзап шыққан алаяқ орамалға оралған ділдәсына қарап, өз қулығына масаттанады. Сол кезде бір қарға ұшып келіп, түйіншекті іліп әкетеді. Оны далбақтап қуып жете алмай, әбден шаршаған құдың салы суға кетіп, опынып қала береді.

Арада бір жеті уақыт өтеді. Сол алаяқ өзін танытпайын деп бойын қоқырайтып, киімін өзгертіп, дауысын құбылтап, Атымтайға тағы келеді. Жомарт оны бар сый-сияпатымен күтіп алып, сұраған ділдәсын тағы береді. Осы жолы да ойлағаны іске асқан қу ділдәны енді таяғына түйіп алып, бұрынғыдан басқа жолмен жүреді. Сол арада алдынан өзен кездесіп, одан өтіп келе жатқанда, ділдә түйген орамалы суға түсіп кетеді. Құдың діңкесі құрып, тағы да жер сипап қалады.

Алаяқтың Атымтайдан үшінші рет ділдә сұрауына тура келеді. Бұл жолы ол ақ ниетімен сұрап, үйіне аман-есен жетеді. Сауда-саттық жасап, шаруасы оңалады. Бір-екі жылда байып, тіпті қызметші ұстайды. Бір күні ол жомарттан алған үш жүз ділдәсын түйіп, басқа да сый-сияпат әзірлеп, Тай шаһарына келеді. Атымтай қонағын күтіп, ертеңінде кетер жолында ділдәсының жүзін ғана алып, екі жүзін өзіне қайтарып береді. Қонақ бұл іске таңданып аузы аңырайып отырып қалады. Сонда жомарт оған:

– Алғашқы екі рет келгеніңде сенің ойың арам еді. Сондықтан сол кездегі саған берген екі жүз ділдәм өзіме қайта оралды. Алғашқысын қарға әкеліп тастаса, келесісі сумен ағып келді. Үшінші рет адал көңіліңмен келдің, осы рас па? – деп сұрайды.

Өзінің бұрынғы алаяқтығы есіне түсіп, сол қылығынан ұялған қонақ бұдан былай адал жолдан таймауға уәде береді.



Байлық пен ақыл



Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні ол ұлдарын жинап алып:

– Балаларым, мен болсам қартайдым. Сендер ержеттіңдер. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол менің мұрагерім болады. Әрқайсысың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, – депті.

Үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:

– Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, – депті.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

– Мені осы қалпымда көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, – дейді.

Үшінші ұлы күміспен, асыл тастармен әшекейленген белдігін буынады да:

– Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген жоқ, – дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды. Енді ең кіші ұлына қарап:

– Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? – дейді. Сонда кенжесі былай депті:

– Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, қымбат тастармен әшекейленген белдік те жоқ. Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат-жігерге толы жүрегім ғана бар.

Шал кенже ұлының жауабын ұнатып, риза болыпты. Оны өзінің мұрагері етіп қалдырыпты. Ал үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті.